

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Ы. АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІЛІМ АКАДЕМИЯСЫ**

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
НАЦИОНАЛЬНАЯ АКАДЕМИЯ ОБРАЗОВАНИЯ ИМ. И.АЛТЫНСАРИНА**



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АРНАЙЫ  
ЖӘНЕ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҒДАЙЫ МЕН ДАМУЫ**  
Аналитикалық баяндама

**СОСТОЯНИЕ И РАЗВИТИЕ СПЕЦИАЛЬНОГО И ИНКЛЮЗИВНОГО  
ОБРАЗОВАНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН**  
Аналитический доклад

Астана  
2016

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

Министерство образования и науки Республики Казахстан  
Национальная академия образования им. И. Алтынсарина



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АРНАЙЫ ЖӘНЕ  
ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҒДАЙЫ МЕН ДАМУЫ**

**Аналитикалық баяндама**

**СОСТОЯНИЕ И РАЗВИТИЕ СПЕЦИАЛЬНОГО И ИНКЛЮЗИВНОГО  
ОБРАЗОВАНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН**

**Аналитический доклад**

Астана  
2016

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2016 жылғы 23 тамыздағы № 7 хаттамасы)

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 7 от 23 августа 2016 года)

Қазақстан Республикасындағы арнайы және инклюзивті білім берудің жағдайы мен дамуы. Аналитикалық баяндама. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016. – 49 б.

Состояние и развитие специального и инклюзивного образования в Республике Казахстан. Аналитический доклад. – Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2016. – 50 с.

Осы аналитикалық баяндамада ҚР қолданыстағы заңнаманың аясындағы арнайы және инклюзивті білім беру, жинақталған халықаралық тәжірибе мен инклюзивті білім беруді барлық деңгейлерде іске асырулардың талдауы көрсетілген. Инклюзивті орта мен ерекше қажеттіліктері бар балалар сапалы біліммен қамтамасыз ету үшін мүмкіншіліктерді кеңейтудің жолдары мен әдістері қарастырылған.

Бұл материал облыстық (аудандық) әдістемелік кабинеттерінің басшылары мен әдіскерлеріне, білім беру жүйесі ұйымының басшыларына, мұғалімдеріне арналған.

В настоящем аналитическом докладе представлен анализ действующего законодательства РК в области специального и инклюзивного образования, наработанного международного опыта и реализации инклюзивного образования на всех уровнях образования. Показаны направления и методы для расширения возможностей по созданию инклюзивной среды и обеспечению доступа к качественному образованию детям с особыми потребностями.

Данный материал адресован руководителям и методистам областных (районных) методических кабинетов, руководителям и учителям организаций системы образования.

© Ы. Алтынсарин атындағы  
Ұлттық білім академиясы, 2016  
©Национальная академия образования  
им. И. Алтынсарина, 2016

## Кіріспе

Білім беру «Қазақстан - 2030» ұзақ мерзімді стратегиясының [1] маңызды басымдықтарының бірі ретінде танылған.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевпен республиканы әлемнің бәсекеге барынша қабілетті 50 елдері қатарына енгізу туралы міндеті қойылды. Осы мақсатқа жетуде білім беру жүйесін жетілдіру маңызды міндет атқарады.

Білім беру саласында Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатын іске асырудың ұйымдастырушылық негізі, қазақстандық білім беруді жетілдіруді жалғастыруды қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы [2] болуы тиіс.

Қазақстан Республикасында 2000 жылдардан бастап білім беру саясатында ерекше қажеттілігі бар балаларға қатысты жаңа бағыттар қалыптасуда, балаларды әлеуметтендіру, тәрбиелеу, білім беру, әлеуметтік қолдау және бейімдеудің тиімді жолдарын белсенді іздеу жүргізілуде. Жалпы білім беру жүйесіне ерекше қажеттілігі бар балаларды дені сау құрдастарымен білім беру ортасына кіріктіру бойынша процестер енгізіле бастады.

2002 жылы алғаш рет посткеңестік кеңістікте Қазақстан Республикасының «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетулік қолдау туралы» Заңы [3] күшіне енді, онда тек арнайы білімге ғана емес, олардың қоғамдағы орнына да басқа көзқарасты көрсететін, осы санаттағы балалардың құқығын қорғауға қағида түрінде жаңа - инклюзивті – тәсіл бекітілген. Заң әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетулік қолдаудың формалары мен әдістерін анықтайды, мүмкіндігі шектеулі балаларға тиімді көмек жүйесін құруға, олардың тәрбиесіне, оқуына, еңбектік және кәсіптік дайындығына, бала мүгедектігінің алдын-алуға байланысты мәселелерді шешуге бағытталған.

2008 жылы Конвенция және Факультативтік протоколға қол қойғаннан кейін, Қазақстан оған еңбек, әділеттілік, білім беру, денсаулық сақтау, ұтқырлыққа қол жетімділік мәселелерінде мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету бойынша тиісті шараларды қабылдауға міндеттенді. Қазақстан әлемдегі Конвенцияға қосылған 137 ел болды.

Әлеуметтік білім беру жүйесін дамыту қазіргі кезеңде балалар мүгедектігінің алдын-алу бойынша шаралар жасау мәселелеріне көңіл бөледі, себебі, Қазақстанда бұл мәселе өзектілердің бірі болып табылады. Бұл мәселеде ерекше қажеттілігі бар балалар мен олардың отбасыларына ерте бастан көмек беру ерекше рөл атқарады. Бүкіл әлемде бұл жұмыс көпшілік ведомстволар: денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қорғау қызметінің басым салалардың бірі болып табылады.

Арнайы және инклюзивті білім беру стратегиясын әзірлеу және оны енгізу Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы [2] аясында іске асырылады. Осы бағдарламаға сәйкес: инклюзивті білім беруге жағдай жасайтын

мектептердің үлесін жалпы мектеп санынан 70% дейін арттыру (қазіргі уақытта - 38%), мүгедек-балалар үшін «кедергісіз қол жетімділікті» құрайтын мектептердің үлесін жалпы мектеп санынан - 20% арттыру, инклюзивті білім берумен қамтылған балалардың үлесін, дамуында арнайы қажеттілігі бар балалардың жалпы санынан- 50% арттыру қарастырылған.

Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптері: бәрінің сапалы білім алуға тең құқылығы, білім беру жүйесін дамытудың басымдығы және әр тұлғаның зияткерлік дамуын, психофизиологиялық және жеке ерекшеліктерін ескере келе, халыққа арналған білім берудің барлық деңгейлерінің қол жетімділігі болып табылады.

Елдегі арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың қазіргі кезеңдегі міндеттері - барлық балаларды сапалы білім беруге қосу процесі, көпшілік мектептерге арнайы және инклюзивті білім беруді енгізу, ерекше оқу қажеттілігі бар балалардың жеке траекториясын дамытуға бағытталған білім беру моделін құру.

Арнайы қажеттілігі бар балаларға «арнайы және инклюзивті білім беру» және «кіріктірілген оқытудың» терминологиялық айырмашылықтарын нақты көрсету маңызды. Екі түсінік те бір-біріне қайшы келмей, қазіргі білім беру жағдайында білім алу құқығына бірінғай бағыттылықты көрсетеді.

Арнайы және инклюзивті білім беру білім берудің жаңа философиясы ретінде қарастырылуы мүмкін, ол - арнайы, орта, ортадан кейінгі және жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде, білім беру бағдарламаларын құруда арнайы қажеттілігі бар балалар мен ересектердің ерекшелігі мен қажеттілігінің кең көптүрлілігін есепке алуға бағытталған әлеуметтік-педагогикалық тұжырымдама немесе ұзақ мерзімді стратегия.

Сонымен, қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында арнайы қажеттілігі бар балаларды қолдауға бағытталған көлемді іс-шаралар іске асуда, барлық балалардың, соның ішінде қоғамға әлеуметтік бейімделуінде қиындығы бар балалардың да сапалы білім алуға тең қол жетімділігі қамтамасыз етіледі.

Осы жағдайда халықаралық тәжірибеде және білім берудің барлық деңгейінде инклюзивті білім беруді іске асыруға жасалған арнайы және инклюзивті білім беру саласындағы қолданыстағы заңнама талдауы маңызды мәнге ие.

## **1 Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың негізгі бағыттары**

Инклюзивті білім беру барлық балалардың, соның ішінде денсаулығында мәселелері және қоғамға әлеуметтік бейімделуінде қиындығы бар балалардың да сапалы білімге тең қолжетімділік құқығын қамтамасыз етеді.

2020 жылға дейінгі білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында [2] ел мектептерінде (мектепте педагог-психологтың, балаларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың, арнайы жеке техникалық және теңгеруші құралдардың болуы және т.б.) ерекше қажеттілігі бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің тең қолжетімділігін қамтамасыз ету міндеті қойылған.

Ерекше қажеттілігі бар балаларды жалпы білім беретін мектепке қосу үдерісі көптеген елдердің білім беру саясатының жетекші бағыты болып табылады және білім беру жүйесі ұйымдарында қарапайым құрдастарымен бірге осындай балаларды оқыту процесі табысты өткенін көрсетеді.

Елде және шет елде инклюзивті білім беру бойынша мониторингтік зерттеу жүргізу әр түрлі мәліметтер базасын құруға және білім беру процесіне инклюзивті білім беруді кіріктіру процесінің толық жете сипаттауын құрайтын тәжірибені бақылауға мүмкіндік береді. Арнайы және инклюзивті білім беруге жүргізілген мониторингтің нақты мәліметтері негізінде инклюзивті білім берудің тиімді моделі туралы тұжырымдар жасауға мүмкіндік беретін талдаудың әр түрлі түрлері жасалуы мүмкін.

Қазіргі уақытта біздің елде арнайы қажеттілігі бар балалар үшін дамыту мен оқытуға арналған қажетті жағдай жасалған, арнайы білім беру жүйесінде психологиялық-педагогикалық қолдаумен қоса, балалардың даму бұзылыстары (есту, көру, сөйлеу, ақыл-ой, қимыл-қозғалыс аппараттары) түрлеріне сәйкес, арнайы мектептерде де (барлығы 106 мектеп) іске асуы мүмкін әлеуметтік қызметтің сегіз түрі көрсетіледі.

Осы мектепте балалар дамуында өздеріне ұқсас мәселелері бар балалардың ортасында болады, барлық қажетті көмекті алады, сондықтан, мектептер арнайы құрал-жабдықтармен, техникалық құралдармен жабдықталған, медициналық қолдаумен, дайындалған кадрлармен, оқу-әдістемелік материалдармен және бағдарламалармен қамтамасыз етілген.

Сегіз түрлі мектептің жетеуінде (ақыл-ой бұзылысы бар балаларға арналған мектептерден басқасы) балалар мемлекеттік стандартқа сәйкес білім алады. Кеңестік жүйедегі арнайы білім беру мұрасы ретінде, арнайы білім берудің бұл ерекшелігі біздің елде де сақталған.

Бұрынғы Кеңес Одағы- арнайы мектептерде ерекше қажеттілігі бар балаларға мемлекеттік стандартқа сәйкес білім берген әлемдегі бірден-бір ел болды. Бірақ біздің елдің арнайы мектептерінде дамуында ерекше қажеттілігі бар балалар санынан 13,9% оқиды (Республикалық психологиялық-медициналық педагогикалық кеңес мәліметтері бойынша).

Қарастырылып отырған санаттағы мектеп оқушыларының көп бөлігі олардың табысты оқуы үшін әлі қажетті жағдай жасалмаған жалпы білім беру жүйесіне қосылған. Жалпы білім беретін мектептерде құрамына ДМШ балалар

кіретін білім алушыларға әрқашан да арнайы білім беруде оқитын балаларға осындай қолдауды ұйымдастыру міндеті қойылды. Соның нәтижесінде, арнайы қажеттілігі бар балалармен педагогикалық жұмыс тәжірибесін арнайы білім беру жүйесінен жалпы білім беру жүйесіне ауыстырудың қажеттілігі туралы қорытынды шығарылды. Инклюзивті білім беру мамандарының пікірінше дәл осы жұмыс біздің елдегі инклюзивті білім беруді дамытудағы бағыттардың бірі болуы тиіс. Ол екі бөлек дәстүрлі қызмет ететін арнайы және жалпы білім беру жүйесін жақындастыруды, жалпы білім беретін педагогтер мен дефектологтардың серіктестігін, білім берудің арнайы ұйымдарына жалпы білім беру жүйесіндегі инклюзивті процестерді дамыту бойынша ресурстық орталықтар қызметін тапсыруды талап етеді.

Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың негізгі бағыттары ретінде, келесілерді бөліп көрсетуге болады:

- арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың нормативтік-құқықтық және ұйымдастырушылық-экономикалық негізі мен механизмдерін жетілдіру;

- инклюзивті білім беруді дамытудың әдіснамалық, оқу-әдістемелік негізін жетілдіру;

- білім алушыларды жекелеген түзету-педагогикалық және әлеуметтік-психологиялық қолдауды іске асыру, білім алушыларға мектептік қауымдастықтың маңызды және белсенді қатысушысы болуына мүмкіндік беретін жайлы білім беру ортасын құру, өзі-өзі бағалауға, оқуға және әлеуметтенуге уәждемені арттыру;

- қолжетімді «кедергісіз орта» құру және білім алушыларды теңгерушілік құралдармен қамтамасыз ету, инклюзивті білім беруді іске асыратын білім беру ұйымдарын кадрлық қамтамасыз етуді жақсарту;

- ерекше оқытуды қажет ететін тұлғалардың келешекте мамандықты меңгеруде техникалық және кәсіптік, жоғары білім беру деңгейіндегі оқуын жалғастыру үшін жағдай жасау;

- ерте диагностикалау және балаларды ерте жастан түзету-педагогикалық қолдаудың тәсілдері мен әдістерін әзірлеу;

- инклюзивті және арнайы білім беру саласында қолданбалы ғылыми зерттеу жүргізу;

- арнайы қажеттілігі бар мектепке дейінгі жастағы балалардың инклюзивті білім беруге тең қол жетімділігін қамтамасыз ету механизмін әзірлеу;

- арнайы педагогика бойынша білікті кадрлар даярлау;

- оқыту сапасына мониторинг жүргізу, кіріктірілген балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету;

- инклюзивті білім беруде кәсіптендіруге бағыттаумен білім беру деңгейлері арасындағы сабақтастыққа қол жеткізу.

## 2 Арнайы және инклюзивті білім беру саласында қолданыстағы заңнаманы талдау

Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді енгізудің нормативтік-құқықтық негізін адамның конституциялық құқықтарын белгілейтін заңнамалық актілер, мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды медициналық-элеуметтік қорғау саласындағы, білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық актілер құрайды және оларды мынадай деңгейлерге топтастыруға болады: халықаралық, өкіметтік, мекемелік, өңірлік.

Қазақстан Республикасы халықаралық қоғамдастықтың мүшесі бола отырып, халықаралық Конвенциялар мен Декларациялардың негіз қалаушы принциптерін толық қолдайды: Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы, Мүгедектертердің құқықтары туралы декларация, Ақыл-есі кем адамдардың құқықтары туралы декларация, Бала құқықтары туралы Конвенция, Мүгедектер үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін стандартты ережелер.

«Айрықша мұқтаждықтары бар тұлғаларға білім беру саласындағы саясат пен практикалық іс-әрекет принциптері туралы» Саламанка декларациясы [4].

Денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балалардың білім алуға құқықтарын бекіту саласында халықаралық заңнамалар жарты ғасырлық тарихқа ие.

Жеке адам құқығын, сонымен бірге білім алу құқығын сақтау мәселесіне алғашқы жүгінген арнайы халықаралық актілердің бірі 10 желтоқсандағы 1948 жылы қабылданған «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы» [5] болып табылады, бұл Декларация тұлғалардың құқықтарын қорғау саласындағы басқа халықаралық-құқықтық құжаттардың негізіне айналған.

Декларация элеуметтік, экономикалық және мәдени құқықтарын, сондай-ақ саяси және азаматтық құқықтарын жариялаған. Декларацияның 1-бабы тарихи жағдайдан тұрады: «Барлық адамдар дүниеге өзінің абыройы мен құқықтары жағынан еркін және тең болып туылады».

Мүгедектердің құқықтарына арналған халықаралық құжаттардың тарихы 1971 жылдан басталады, бұл кезде Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) ақыл-ойы кем тұлғалардың құқықтары туралы Декларация (1971 ж. 20 желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясының 2856 (XXX) Қарарымен бекітілген) [6] қабылдады.

Мүгедектердің қанағаттанарлық өмір сүру құқығын, сондай-ақ барлық азаматтық және саяси құқықтарын таныған жалпы сипаттағы халықаралық-құқықтық құжат болып 1975 жылғы 9 желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясының 3447 (XXX) Қарарымен бекітілген мүгедектердің құқықтары туралы декларация [7] танылды.

1948 жылы 10 желтоқсанда Бас Ассамблеясымен «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы» [5] қабылданды.

«БҰҰ-ның мүгедектердің құқықтары туралы Декларациясы» Бас Ассамблеясының 1975 жылы 9 желтоқсандағы 2433-ші пленарлық отырысында 3447 (XXX) қарарымен [9] жарияланған.

Бұл – Мүгедектерді тең мүмкіндіктермен қамтамасыз етудің стандарттық Ережелері.



Айрықша мұқтаждықтары бар тұлғаларға білім беру бойынша Дүниежүзілік конференцияда: білімге қол жеткізу мен оның сапасы бойынша (Саламанка, Испания, 7-10 маусым, 1994 жыл) «Саламанка декларациясы» және «Айрықша мұқтаждықтары бар тұлғаларға білім беру бойынша іс-әрекет шеңбері» қабылданды.

«Айрықша мұқтаждықтары бар тұлғаларға білім беру бойынша іс-әрекет шеңберінде» білім беру жүйесінде арнайы қажеттіліктерді ескеретін жана тәсілдердің жалпы сипаттамасы, сондай-ақ ұлттық, аймақтық және халықаралық деңгейлердегі іс-әрекеттердің негізгі бағыттары бар.

Мүмкіндіктері шектеулі адамдардың құқықтарын қорғау саласындағы ең маңызды халықаралық құжат 2006 жылы 13 желтоқсанда Бас Ассамблеясының 61/106 қарарымен қабылданған Мүгедектердің құқықтары туралы конвенция [9] болып табылады. Осы Конвенцияның 24-бабында былай делінген: «Қатысушы мемлекеттер мүгедектердің білім алуға құқықтарын таниды. Қатысушы мемлекеттер осы құқықтарды кемсітусіз және мүмкіндіктер теңдігі негізінде іске асыру мақсатында инклюзивті білім беруді барлық деңгейлерде және өмір бойы оқытумен қамтамасыз етеді».

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес адам құқықтары саласындағы негізгі халықаралық құжаттарда елдегі барлық балалардың білім алуға тең құқықтар қағидаты көзделеді. Балалардың білім алуға құқықтарының кепілі Қазақстан Республикасының Конституциясында, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Білім туралы», «Мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы», «Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарында бекітілген.

Бағдарламада барлық балаларды, соның ішінде дамуында мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беру кеңістігіне қосудың қажетті нормативтік-құқықтық негіздерін құруға ықпал ететін іс-шаралар анықталған. Қазақстанда инклюзивті білім беруді дамытудың нормативтік-құқықтық базасы мынадай бас постулатқа негізделген: барлық білім алушылар үшін олардың тұратын жері бойынша білім беру ортасын білім алушының жеке-дара ерекшеліктеріне және білімдік қажеттіліктеріне бейімделуін қамтамасыз ететін педагогикалық тәсілдеме негізінде тең білім алу мүмкіндіктерін қамтамасыз ету.

ҚР «Білім туралы» Заңының [10] баптарында: 1-бап (21-3 тармағы), 3-бап (1-тармақ), 8-бап (6-тармақ) білім алушылардың оқытудың тиісті білім беретін оқу бағдарламаларына тең дәрежеде қол жеткізуін, түзету-педагогикалық және әлеуметтік қолдауды, мүмкіндігі шектеулі балалардың барлық деңгейдегі білімге қолжетімділігін көздейтін білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың мәні мен принциптері ашылған.

ҚР «Білім Туралы», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы», «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Заңдарын талдау, сонымен қатар «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға

арналған мемлекеттік бағдарламасы», «Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен білім берудің объектілеріне санитарлық-эпидемиологиялық талаптар», «2012 - 2016 жылдарға арналған оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі Ұлттық іс-әрекет жоспары», «Мүгедектердің өмір сапасын жақсарту бойынша Ұлттық жоспар», «Мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім беру стандарты (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім)», «Даму мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған арнайы білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің типтік ережелері» нормативтік құжаттары мен актілерін және Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Білім беру саласында арнайы әлеуметтік қызмет көрсету стандартын бекіту туралы» Қаулысын талдау - барлық балалардың білім алуға деген құқықтарының кепілдіктері осы нормативтік-құқықтық актілерде бекітілгенін және елімізде инклюзивті білім беруді дамыту бойынша жұмысты жетілдіруге мүмкіндік беретінін көрсетті.

Қазақстанда инклюзивті білім беруді дамытудың маңызды кезеңі қазіргі кезеңде инклюзивті білім алуға жататын және оларға сапалы білім беру қызметін көрсетуге қажеттіліктері бар адамдардың санатын заңнамалық кеңейту болды.

ҚР «Білім туралы» Заңы [10] әр баланың білім алуына кепілдік береді, бұл ерекше мұқтаждықтары бар балаларды қосудың осы үлгісін бұқаралық мектепт енгізу мүмкіндігін растайды.

Білім алушының жеке басына, оның мүдделері мен қызығушылығына, бейімділігіне, қабілетіне бағдарлану инклюзивті білім беру процесін ұйымдастырудың маңызды міндеті болып келеді және қосымша ресурстарды талап етеді (зияткерлік, техникалық, әдістемелік және т. б.).

Сонымен қатар, Қазақстанда инклюзивті білім беруді дамытуды нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету ата-аналарға ерекше қажеттіліктері бар балаларының сапалы білім алуы үшін білім беру ұйымдарын саналы түрде таңдауына мүмкіндік береді, тұлғааралық қатынастардың шиеленісуіне және күрделенуіне, отбасылық байланыстардың бұзылуына, тұтастай алғанда отбасы институтының әлсіреуіне әкеп соқтыратын көптеген проблемаларды болдырмауға көмектеседі.

Мәселен, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңда [11] балалардың қоғамда толыққанды өмір сүруіне даярлау басымдығы қағидаларына, олардың қоғамдық мәні бар және шығармашылық белсенділігін дамыту қағидаларына, олардың жоғары адамгершілік, азаматтық және патриоттық қасиеттерін тәрбиелеу қағидаларына, әлемдік өркениеттің жалпыадамзаттық құндылықтары негізінде ұлттық сана-сезімді қалыптастыру қағидаларына сүйене отырып, баланың ҚР Конституциясындағы кепілді негізгі құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға байланысты туындайтын қатынастар реттеледі.

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңының «Мүгедек баланың толыққанды өмір құқықтары» деп аталатын 31-бабы мүгедек баланың оның физикалық қабілеттеріне, ақыл-ой қабілеттеріне және қалауына сай келетін білім алуға, қызмет түрі мен кәсіпті таңдауға, шығармашылық және қоғамдық қызметке қатысуға құқылы екенін бекітеді.

ҚР «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Заңында (11.07.02 жылғы №343, өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) кемтар балаларға әлеуметтік, медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау нысандары мен әдістері айқындалған. [3]. Бұл Заң дамуында кемістігі бар балаларға көмек көрсетудің тиімді жүйесін құруға, оларды тәрбиелеуге, оқытуға, еңбектік және кәсіби даярлауға байланысты проблемаларды шешуге, балалар мүгедектігінің алдын алуға бағытталған.

ҚР «Мүгедектердің құқықтары туралы Конвенцияны ратификациялау туралы» 2015 жылғы 20 ақпан № 288-V ҚРЗ Заңы [12]. 2006 жылы 13 желтоқсанда қабылданған Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының мүгедектердің құқықтары туралы Конвенциясы мүгедектерге қатысты кемсітушілікті жоюға, оларды еңбек ету, денсаулық сақтау, білім алу және қоғамның өміріне толыққанды қатысу, сот төрелігіне қол жеткізу, жеке басына қол сұғылмаушылық, пайдаланудан және қиянат бостандығы, жүріп-тұру еркіндігі, жеке мобильділік құқығымен қамтамасыз етуге бағытталған.

ҚР 2014 жылғы 3 шілдедегі № 228-V «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңы (16.11.2015 ж. өзгерістерімен және толықтыруларымен) дене шынықтыру және спорт саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, бұқаралық дене шынықтыру, әуесқой және кәсіпқой спорт қызметін қамтамасыз ету және дамытудың құқықтық, ұйымдық, экономикалық және әлеуметтік негіздерін айқындайды. [13].

Заңның бірқатар баптары мүмкіндіктері шектеулі адамдардың дене шынықтыру, әуесқой және кәсіпқой спортқа тең қолжетімділігін қамтамасыз етуге арналған.

Ерекше қажеттілігі бар балалардың сапалы білім беру қызметін кепілдендірілген түрде алуын реттейтін нормативтік-құқықтық актісі - Жалпы білім беру ұйымдары (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) қызметінің үлгілік ережесі болып табылады. (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17-майдағы № 499 Қаулысы) [14].

Жалпы білім беру ұйымдары (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) қызметінің үлгілік ережесі (бұдан әрі -Ереже) «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымдарын қоспағанда, олардың меншік түріне және ведомстволық бағыныстылығына тәуелсіз бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын ұйымдар (бұдан әрі- білім беру ұйымдары) қызметінің тәртібін анықтайды.

Осы құжаттың 4-пунктінде «Жеке тұлғаның қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, білім беретін оқу бағдарламаларының мазмұнына, білім берудің әрбір деңгейін алуға қол жеткізу жағдайларының жасалуына қарай оқыту күндізгі, сырттай, кешкі, экстернат және мүмкіндігі шектеулі балалар үшін қашықтықтан оқыту нысандарында жүзеге асырылады», ал 5-пунктте: «Мемлекет инклюзивті білім беру мақсаттарын іске асыра отырып, білім берудің барлық деңгейлерінде даму мүмкіндіктері шектеулі азаматтарға олардың білім алуына, дамуындағы ауытқуды түзетуіне және әлеуметтік бейімделуіне арнайы жағдайлар жасауды қамтамасыз етеді» деп

бекітілген.

Ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдердің мүдделерін ескере отырып, жергілікті білім беруді басқару органдарымен келісім бойынша білім беру ұйымдарында даму мүмкіндігі шектеулі балалармен дені сау балалардың бірлесіп оқитын сыныптары (бір сыныпта даму мүмкіндігі шектеулі екі баладан артық оқытылмауы тиіс) немесе арнайы білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларында көрсетілген толымдылыққа сәйкес бұзушылық түрлері бойынша арнайы сыныптар ашылуы мүмкін. (Ереженің 18- пункті)

Инклюзивтік және арнайы сыныптардағы даму мүмкіндігі шектеулі барлық білім алушыларға арналған түзету сабақтарын арнайы педагогтер (олигофренопедагог, сурдопедагог, тифлопедагог, логопед) жүзеге асырады. Бекітілген Ережеге сәйкес, жалпы сыныптарға қосылған даму мүмкіндігі шектеулі балалар жалпы білім беретін бағдарламалар бойынша білім алады.

Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беру мәселесін реттейтін бірқатар ведомстволық құжаттар қабылданды. Сонымен, Қазақстан Республикасында 2015-2020 жылдарға арналған инклюзивті білім беру жүйесін одан әрі дамыту жөніндегі іс-шаралар кешені Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 19-желтоқсандағы № 534 бұйрығымен бекітілді. [15].

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 01-маусымдағы № 348 бұйрығымен Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері бекітілді [16].

Инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері адам құқықтары саласында негізге алынатын халықаралық құжаттарға сәйкес, білім беру саласындағы халықаралық тәжірибе үдерістері мен жетістіктері және қазақстандық білім беру жүйесін дамытудың басым міндеттері ескеріле отырып әзірленді. Осы құжат аясында «ерекше қажеттілігі бар балалар» түсінігі кеңейтілді және ерекше оқыту қажеттілігі бар тұлғаларға: арнайы қажеттілігі бар балалар, мигрант-балалар, босқындар, оралмандар, ұлттық азшылық топ отбасының балалары; қоғамда әлеуметтік бейімделуге қиындығы бар балалар (жетім-балалар, виктимді балалар, әумесерлік мінез-құлықтағы, әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-психологиялық статусы төмен отбасынан шыққан балалар ) анықталды.

Елде инклюзивті білім беруді дамытудың маңызды бағыты ерекше қажеттілігі бар балаларды, соның ішінде мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау және сүйемелдеуді жетілдіру болып табылады.

ҚР БҒМ 2011 жылғы 12 желтоқсандағы №524 бұйрығымен бекітілген «Мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсыныстар» мүмкіндігі шектеулі балаларды мектепке дейінгі және мектеп жасында дамытуда психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастыру жолымен білім беру қызметіне тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге жағдай жасау үшін дайындалды. [17]

### **3 Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта және жоғары білім беру, сондай-ақ кәсіптік-техникалық және жоғары білім беру жүйесінде инклюзивті білім беруді жүзеге асыру**

Ерекше қажеттіліктері бар балаларды жалпы білім беретін мектептерге қосу үрдісі көптеген елдерде, соның ішінде Қазақстанда білім беру саясатының жетекші бағыт-бағдары болып табылады және білім беру ұйымдарында осындай балалардың өздерінің құрдастарымен бірге оқыту процесінің табыстылығын көрсетеді.

Ерекше қажеттіліктері бар балаларды мектептегі білім беру процесіне қосу тәжірибесін жүйелік талдау арнайы білім беру ұйымдарының сараланған жүйесінің жұмыс істеуін сақтап қалуға мүмкіндік беретін әр түрлі үлгілердің бар екенін көрсетті. Алайда ерекше мұқтаждықтары бар балаларды сапалы білім беру қызметтерімен қамтамасыз етудің ең көп сұранысқа ие үлгісі ерекше қажеттіліктері бар балаларды білім беру процесінде инклюзивті білім беруді (қосу) дамыту болып табылады.

Қазақстанда инклюзивті білім беруді дамыту ЕҚБ жалпы орта білім беру жүйесіне тарту арқылы, ЕҚБ бейімдеу арқылы жүзеге асырылады.

Осылайша, қазіргі заманғы қоғамның МШ жандарға деген қарым-қатынасын өзгерту мақсатында ықпал ету арқылы олардың өз кемшіліктерін жетістіктерге айналдыру қабілеттерін қалыптастыру және дамыту.

2015-2016 оқу жылында 3210 мектепте инклюзивті оқыту үшін жағдай жасалды. Инклюзивті біліммен 47441 (МШ балалардың жалпы санының 33%-ы) МШ балалар (2014 жылы – 25633 немесе 27%) қамтылған.

Қазақстанда 2016 жылдың басына 0 жастан 18 жасқа дейін 141821 мүмкіндігі шектеулі бала (1-кесте) немесе анықталды барлық балалар санының (5 298 500 бала) 26,8%-ы (2014 жылы – 141 952 МШ бала). Оның ішінде 130475 (92%) бала (2014 жылы – 91,5%) білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау ұйымдарында білім беру бағдарламалары мен түзету-педагогикалық қолдау бойынша оқытумен, тәрбиелеумен қамтылған. Олар қоғамдық және жеке ұйымдарда жүріп жатыр. 130 475 МШ балалардың ішіндегі 89575 (92,2%) – мектеп жасындағы балалар.

Бүгінгі күні үйде – 10154 (мектеп жасындағы балалардың 10,44%-ы), арнайы мектептерде – 13433 (13,82%) бала; арнайы сыныптарда – 13063 (13,44%) бала; инклюзивті сыныптарда – 47441 (МШ балалардың жалпы санының 48,82%-ы немесе 33%-ы) МШ бала; жеке ұйымдарда – 2863 (2,94%) бала; колледждерде 2621 жасөспірім мен қыздар білім алуда.

Мектепке дейінгі білім беруде мектеп жасына дейінгі мүмкіндігі шектеулі балалар – 26604 (70,3%). Арнайы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында – 5336 МШ бала (14,1%); жалпы балабақшаның арнайы топтарында – 4497 (11,9%); инклюзивті топтарда – 12529 (33,1%). Үйде – 47 (0,1%); жеке, қоғамдық білім беру ұйымдарында – 4195 детей (11,1%) тәрбиеленуде.

Бүгінгі таңда елімізде мүмкіндіктері шектелген ерте жастағы балалардың саны – 3615 (52,9%) азаймай отыр. Арнайы ясли-бақшаларда және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында – 333 МШ бала (4,9%); жалпы балабақшаның

арнайы топтарында – 97 бала (1,4%); инклюзивті топтарда – 1988 (29,1%), жеке, қоғамдық білім беру ұйымдарында – 1197 бала (17,5%).

1-кесте – 2016 жыл бойынша МШ балаларды (МШБ) инклюзивті білім берумен қамту

№	Облыстар	2016 жылдағы барлық жалпы білім беретін мектептер	Соның ішінде, инклюзивті білім беруге жағдай жасағандары	%	Мүмкіндігі шектеулі балалар саны	Соның ішінде, инклюзивті білім берумен қамтылғандары	%
1	Ақмола	578	224	38,8	6932	2516	36,3
2	Ақтөбе	422	229	54,3	5234	1853	35,4
3	Алматы	737	213	28,9	9966	3423	34,3
4	Атырау	192	24	12,5	4507	691	15,3
5	ШҚО	667	413	61,9	13914	4932	35,4
6	БҚО	389	230	59,1	1630	2390	146,6
7	Жамбыл	449	154	34,3	6156	1450	23,6
8	Қарағанды	526	279	53,0	10808	3952	36,6
9	Қостанай	535	337	63,0	11103	5027	45,3
10	Қызылорда	298	178	59,7	4903	1200	24,5
11	Маңғыстау	132	66	50,0	3885	1009	26,0
12	Павлодар	400	224	56,0	4685	1770	37,8
13	СҚО	533	239	44,8	4638	1499	32,3
14	ОҚО	1021	271	26,5	30023	12041	40,1
15	Астана қ.	80	53	66,3	8504	2160	25,4
16	Алматы қ.	201	76	37,8	8933	427	4,8
	<b>БАРЛЫҒЫ</b>	<b>7160</b>	<b>3210</b>	<b>44,8</b>	<b>141821</b>	<b>46340</b>	<b>32,7</b>

Дерек көзі: Астана, Алматы қк. және облыстардың білім басқармаларының мәліметтері

2015-2016 оқу жылында республика бойынша **97** арнайы (түзету) мектептері жұмыс істеді. 2016 жылға осы мектептерде білім алушылардың жалпы саны **14607** баланы құрайды. Өңірлер бөлінісінде ең көп арнайы (түзету) мектеп Шығыс Қазақстан (15), Оңтүстік Қазақстан (13), Қарағанды (10) облыстарында.

Мүмкіндігі шектеулі балаларды санаттары бойынша сандық құрамын талдау келесіні көрсетті: естімейтін балалар – 1092, нашар еститін, кейіннен естімей қалғандар – 1175, көрмейтіндер – 936, нашар көретін – 256, қимыл-қозғалыс аппаратының қызметі бұзылған балалар – 895, сөйлеу қабілетінде күрделі ақауы бар – 1866, жеңіл ақыл-ой кемістігімен – 5895, орташа ақыл-ой кемістігімен – 1463, психикалық дамуы тежелген – 1910 бала. (2-кесте).

2-кесте – Астана мен Алматы қк. және облыстар бойынша арнайы (түзету) мектептер саны

Облыстар	Арнайы мектептерде	Арнайы мектептерде	Солардың ішінде: арнайы (түзету) мектептерде оқитын мүмкіндігі шектеулі балалардың бағыттар бойынша саны

	теп-тер саны	оқитын балалар саны	естімейтін	нашар еститін, кейіннен естімей қалған	көрмейтін	нашар көретін	ҚҚАБ	сөйлеуінде күрделі ақауы бар	жеңіл ақыл-ой кемістігімен	орташа ақыл-ой кемістігімен	ПДТ
Ақмола	5	762	8	-	5		3	247	282	15	202
Ақтөбе	4	645	97	27	0		0	0	188	171	162
Алматы	7	965	-	137	154		-	-	674	-	-
Атырау	3	315	25	36			182	-	72	-	-
ШҚО	15	1591	67	70	-		-	117	754	228	355
Жамбыл	4	556	-	146	105		84	-	221	-	-
БҚО	3	552	49	50	142		0	17	258	36	0
Қарағанды	10	1547	50	112	43	85	160	123	518	201	255
Қостанай	7	872	125	-	-	-	-	-	628	-	119
Қызылорда	3	275	-	86	78	-	-	-	111	-	-
Маңғыстау	6	881	-	110	4	123	-	253	250	83	58
Павлодар	7	778	99	3	2	48	20	52	245	114	195
СҚО	7	810	108	36	-		16	43	120	137	350
ОҚО	13	2316	315	139	196		29	692	927	2	16
Астана қ.	1	483	-	1	-	-	44	-	245	143	50
Алматы қ.	8	2140	149	222	207		357	322	402	333	148
<b>Барлығы:</b>	<b>97</b>	<b>14607</b>	<b>1092</b>	<b>1175</b>	<b>936</b>	<b>256</b>	<b>895</b>	<b>1866</b>	<b>5895</b>	<b>1463</b>	<b>1910</b>

Дерек көзі: Астана, Алматы қк. және облыстардың білім басқармаларының мәліметтері

Сонымен қатар, жалпы алғанда, еліміз бойынша инклюзивті білім беру бағдарламаларын іске асыратын мектептер саны **2934** бірлікті құрады. Оларда **765734** оқушы, оның ішінде сегіз бағыт бойынша ДМШ **25781** бала оқиды. Оның ішінде: естімейтін – 188; нашар еститін, кейіннен естімей қалғандар – 626; көрмейтін – 439; қимыл-қозғалыс аппаратының қызметі бұзылған – 2214; сөйлеу қабілетінде күрделі ақауы бар – 5028; жеңіл ақыл-ой кемістігімен – 2027; орташа ақыл-ой кемістігімен – 1096; психикалық дамуы тежелген – 14163 бала. (3-кесте).

3-кесте – Астана мен Алматы қк. және облыстар бойынша инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын жалпы білім беретін мектептер саны

Облыстар	Инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын жалпы білім беретін мектептер саны	Осы мектептердегі оқушылардың жалпы саны	Солардың ішінде: осы мектептерде оқитын мүмкіндігі шектеулі балалардың бағыттар бойынша саны							
			естімейтін	нашар еститін, кейіннен естімей қалған	көрмейтін	ҚҚАБ	сөйлеуінде күрделі ақауы бар	жеңіл ақыл-ой кемістігімен	орташа ақыл-ой кемістігімен	ПДТ
Ақмола	173	32896	1	-	3	352	561	247	9	851
Ақтөбе	251	75660	-	67	67	166	254	89	3	663
Алматы	208	166400	-	105	0	295	7	644	301	294

Атырау	107	56300	-	-	-	-	-	33	47	777
ШҚО	89	22250	-	14	-	23	-	14	-	1237
Жамбыл	300	98505	-	96	120	190	530	35	-	899
БҚО	230	52750	7	55	139	245	1041	153	-	1267
Қарағанды	87	26100	66	156	4	34	178	78	41	595
Қостанай	422	51234	28	-	47	198	732	564	22	2645
Қызылорда	23	13800					20			400
Маңғыстау	74	22 200						205		
Павлодар	258	20674	-	12	6	28	115	39	27	1277
СҚО	336	49064	-	35	28	246	421	237	138	902
ОҚО	319	11201	84	83	25	655	1162	474	508	2610
Астана қ.	53	63500								
Алматы қ.	4	3200	2	3	-	3	7	-		11
<b>Барлығы:</b>	<b>2934</b>	<b>765734</b>	<b>188</b>	<b>626</b>	<b>439</b>	<b>2214</b>	<b>5028</b>	<b>2027</b>	<b>1096</b>	<b>14163</b>

Дерек көзі: Астана, Алматы қк. және облыстардың білім басқармаларының мәліметтері

Бүгінгі таңда мүмкіндіктері шектеулі балаларға мектепке дейінгі білім беру үшін қажетті жағдайлар жасау өзекті мәселе болып табылады.

2015-2016 оқу жылында **443** арнайы мектепке дейінгі ұйым білім берутүзету қызметін жүзеге асырды, бұл ұйымдардағы мүмкіндігі шектеулі балалар саны - **1255**.

Жалпы үлгідегі мектепке дейінгі ұйымдардың жанынан тәрбиеленушілердің осы контингенті үшін қосымша арнайы топтарды ашудың оң динамикасы байқалады. Осылайша, даму мүмкіндігі шектеулі балаларды білім беру ортасына барынша тарту принципі жүзеге асырылады.

Сөйтіп, 2014 жылмен салыстырғанда, инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын мектепке дейінгі ұйымдар (324, дерек көзі: ҚР БҒМ мәліметтері) көбейді.

Өңірлер бойынша инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын мектепке дейінгі ұйымдардың басым үлесі Оңтүстік Қазақстан (68) және Павлодар облыстарына (63) тиесілі (4-кесте).

4-кесте. – Инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын мектепке дейінгі ұйымдар саны


Облыстар	Инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын мектепке дейінгі ұйымдар саны	Осы мектепке дейінгі ұйымдардағы балалардың жалпы саны	Олардың ішінде, мүмкіндігі шектеулі балалар саны
Ақмола	47	2851	1248
Ақтөбе	31	2371	1706
Алматы	3	921	139
Атырау	41	168	168
ШҚО	4	999	139
Жамбыл	37	9184	929
БҚО	59	28538	663
Қарағанды	56	9200	2098
Қостанай		23368	2247



Қызылорда	10	980	200
Маңғыстау	3	287	287
Павлодар	63	39422	691
СҚО	5	878	125
ОҚО	68	115624	1577
Астана қ.	13	1040	423
Алматы қ.	3	314	28
<b>Барлығы</b>	<b>443</b>		<b>12555</b>

Дерек көзі: Астана, Алматы қ. және облыстардың білім басқармаларының мәліметтері


Инклюзивті білім берумен қамтылған мектептер санын салыстырмалы талдау Алматы, Атырау, Жамбыл, Павлодар және Оңтүстік Қазақстан облыстарында мұндай мектептер санының арту үрдісі байқалатынын көрсетті (1-сурет).



Дерек көзі: Астана, Алматы қ. және облыстардың білім басқармаларының мәліметтері

1-сурет. – Инклюзивті білім беретін мектептер санының аймақтарда арту үрдісі

Жалпы білім беретін мектептердегі арнайы сыныптардың саны 1045 (инклюзивті біліммен қамтылған сыныптардың жалпы санының 15,5%-ы) құрайды (2-сурет).



Дерек көзі: Астана, Алматы қк. және облыстардың Білім басқармаларының мәліметтері


2-сурет – Жекелеген облыстар бойынша мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған арнайы сыныптар

Арнайы сыныптар санының азаю үрдісі Жамбыл, Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облыстарында, ал жалпы білім беретін мектептерде арнайы сыныптар санының артуы Алматы қаласында, ал ұлғайту тән Алматы, Қарағанды және Қостанай облыстарында байқалады.

Осылайша, ерекше қажеттіліктері бар балаларды жаппай мектепке белсенді қосу үрдісі Алматы қ., Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл облыстарына неғұрлым тән.

Мүмкіндігі шектеулі балаларды қосу процесі құрамдас бөлігі ретінде де, ұйымдастырушылық жағынан да өте күрделі процесс екендігіне қарамастан, бұл өңірлерде білім беру процесінде инклюзияға педагогикалық және психологиялық қолдау көрсетудің тиімді үлгілерін құруды қамтамасыз етеді. Нәтижесінде ерекше мұқтаждықтары бар балалардың көбісі жаппай мектептің білім беру үрдісіне ендірілген.

Инклюзивтік сыныптардың саны 5721 (инклюзивті біліммен қамтылған сыныптар жалпы санының 84,5%-ы) құрайды. (3-сурет).



Дерек көзі: Астана, Алматы қк. және облыстардың Білім басқармаларының мәліметтері


### 3-сурет. – Қазақстанның жалпы білім беру мектептеріндегі инклюзивтік сыныптар

Ерекше қажеттіліктері бар балалардың инклюзивті сыныптармен қамтылуын талдау Алматы, Атырау, Жамбыл, Павлодар, Шығыс Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан облыстарында инклюзивті сыныптардың өсу үрдісін көрсетті, бұл Қазақстанның осы өңірлерінде инклюзивті білім берудің дамуын растайды. Ақтөбе, Қарағанды, Павлодар облыстарында және Астана қаласында инклюзивті сыныптар санының шамалы ұлғаюы байқалады.

Жалпы білім беретін мектептің білім беру процесіне ерекше қажеттіліктері бар балаларды қосудың бірқатар өңірлерге (Алматы қ., Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл облыстары) тән үрдісі инклюзивті білім беру тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі мемлекеттік саясатты дұрыс түсінетінін куәландырады. Бұл арнайы білім беру ұйымдарының, арнайы сыныптардың, топтардың санының азайып, жалпы білім беретін көпшілік мектепте оқитын ерекше қажеттіліктері бар балалар санының артуын білдіреді.

Инклюзивті біліммен қамтылған мектеп жасындағы балалардың жалпы саны 68209 құрайды, оның ішінде: мүмкіндігі шектеулі оқушылар - 16243 (оқыту қазақ тілінде – 8814 (54,2%), орыс тілінде – 7429 (45,8%)). Үйде оқитын балалар саны – 8433(оқыту қазақ тілінде – 6005 (71,2%), орыс тілінде – 2428 (28,8%)) (4-сурет).

Үйде білім алушылардың саны 8433 құрайды (оқыту қазақ тілінде – 6005 (71,2%), орыс тілінде – 2428 (28,8%)). Соңғы екі жылда еліміз бойынша үйде оқитын балалар саны шамамен бір деңгейге сәйкес келеді, дегенмен дәл осы санаттағы балалар білім беру процесіне неғұрлым белсенді қатысады.



Дерек көзі: Астана, Алматы қк. және облыстардың Білім басқармаларының мәліметтері

4-сурет – Облыстар бойынша қазақ және орыс тілінде оқитын мүмкіндіктері шектеулі балалардың саны

Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істейтін дефектологтар, логопедтер, сурдопедагогтар, тифлопедагогтар, олигофренопедагогтарды даярлау Қазақстанның барлық облыстары үшін өзекті.

5-кесте. – Астана мен Алматы қк. және облыстар бойынша арнайы педагогтар саны

Облыстар	Инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын жалпы білім беретін мектептердегі арнайы педагогтардың жалпы саны	из них:					дефектологтар
		логопедтер	олигофренопедагогтар	сурдопедагогтар	тифлопедагогтар	психологтар	
Ақмола	580	224	22	12	12	310	
Ақтөбе	569	80	26	11	1	451	
Алматы	412	135	5	10	1	8	253
Атырау	68	24	12	16	1	15	
ШҚО	744	71	9	2	3	659	
Жамбыл	607	77	8	14	3	505	
БҚО	426	86	110	-	-	230	
Қарағанды	420	32	201	11	-	11	165
Қостанай	368	172	1	7	-	188	
Қызылорда	571	56	16	14	11	430	44
Маңғыстау	74					74	
Павлодар	336	51	2			283	

СҚО	330	68	1		1	260	
ОҚО	466	25	57			384	
Астана қ.	77	6	-	2	2	67	
Алматы қ.	22	6	1	6		9	
<b>Барлығы:</b>	<b>6070</b>	<b>1113</b>	<b>471</b>	<b>105</b>	<b>35</b>	<b>3884</b>	<b>462</b>

Қазақстан Республикасында Білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында (бұдан әрі – БҒДМБ) анықталғандай, «ерекше білім беру қажеттілігі бар тұлғаларға жағдай жасау мақсатында мамандықтар бойынша оқу жоспары әзірленетін болады. Білім беру қажеттіліктері ерекше білім алушылар үшін мамандықтар тізбесі әзірленетін болады. Колледждерде білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында инклюзивтік білім беру бағдарламалары сынақтан өткізілетін болады» [18].

Сонымен, 2020 жылға қарай ерекше білім беру қажеттілігі бар студенттер үшін тең жағдайлар мен кедергісіз қолжетімділік жасаған техникалық және кәсіптік білім беру (бұдан әрі – ТжКБ) ұйымдарының үлесі 40 %-ды құрайды.

2002 жылдан және қазіргі уақытқа дейінгі аралықта Қазақстанда «Колледж жағдайында инклюзивті білім беру» жобасы іске асырылуда. Қазіргі кезде ТжКБ жүйесінде арнайы қажеттілігі бар тұлғалар қатарынан кадр даярлауды 178 колледж жүргізіп отыр. Аталған санаттағы студенттер контингенті шамамен 3 мың адамды құрайды. Ерекше қажеттіліктері бар студенттерді колледждерде оқытуға мысал келтірейік. 2012 жылы Астана қаласындағы Менеджмент және бизнес колледжінде есту қабілеті бұзылған 8 студент «Шаштараз өнері және сәндік косметика» мамандығына оқуға түсіп, кәсіптік білім алды. 2013 жылы 5 студент «Дизайн» мамандығы бойынша білім алды. Сондай-ақ, колледжде осы студенттер үшін олардың бейімделуіне қажет бар жағдай жасалған. Колледж педагогтері атап көрсеткендей, есту қабілеті бұзылған студенттер бірінші курста кәсіптік дайындық алады және жоғары курстарда басқа студенттер ортасына толығымен бейімделеді.

Дегенмен, колледжде студенттері үшін инклюзивтік білім беруге арналған арнайы бағдарламалар жоқ. Олар барлық сабақтарға қатысады және МЖМБС бағдарламаларын толық орындайды. Тек дене шынықтыру сабақтарында бұл студенттер арнайы медициналық топта айналысады. Колледж оқытушылары арнайы педагогтер болмағандықтан, оларға ерекше салмақ түсетіні рас.

2011 жылдан бері «Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ колледжінде мүгедек-балалар «Дизайн» және «Ақпараттық жүйе» мамандықтары бойынша қашықтан білім алуда. Менеджмент және бизнес колледжінде мүгедек-балалар 2012 жылдан бері «Шаштараз өнері және сәндік косметика» және «Дизайн» мамандықтары бойынша білім алады.

Сондай-ақ, ағымдағы оқу жылында зағип жандар массаж жасаушы мамандығы біліктілігін алу үшін Медицина колледжіне оқуға қабылданды. Құрылыс-техникалық колледжінде 12 жыл бойы мамандандырылған түзету

мектеп-интернатының түлектері «Сылақшы-бояушы» мамандығы бойынша білім алып келеді.

Астана қаласы колледждерінде 12 жыл аралығында дене дамуында арнайы қажеттілігі бар және ақыл-ой дамуында кемістігі бар 200-ден артық түлек білім алып шықты

Семей қаласының Қызмет көрсету саласы колледжінде 2012-2013 оқу жылынан бастап мемлекеттік тапсырыс бойынша «Шаштараз өнері және сәндік косметика» мамандығына туа біткен саңырау және естімеу диагнозымен 20 адам білім алады. Білім алушылар оқу барысында колледж жағдайына бейімделеді, зор ынтамен теория мен практиканы меңгереді және колледж қабырғасында өтетін барлық шараларға атсалысады.

Колледж өз өндірістік базалары бар Семей қаласы «Мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігімен және Саңыраулар қоғамымен тығыз ынтымақтастықта жұмыс жасайды.

«Инклюзив» тобының оқушылары практикалық сабақтарда балалар үйлерінің, интернаттарының балаларына, аз қамтылғандарға және нашар еститіндерге көмек көрсетуі арқылы қоғамға пайда тигізеді әрі тәжірибе жинайды.

«Инклюзивті білім беру» жобасы аясында Қарағанды құрылыс-техникалық колледжінің базасында Инклюзивті білім беру колледжі құрылды. 2015 жылы үлкен сұранысқа ие «Тамақтануды ұйымдастыру», «Құрылыс» және «Дизайн» мамандықтары бойынша кадрлар дайындау басталды.

«Қарағанды-Тұрғын үй құрылыс» корпорациясы жобаның әлеуметтік серіктестігі болып табылады. Қарағанды колледждерінің оқушылары денсаулығында арнайы қажеттілігі бар адамдармен бірге білім алуға дайын. Орал қаласы Ақпараттық технологиялар колледжі 2012-2013 оқу жылында БҒДМБ және «Ел Барыс» Қоғамдық қорымен дайындалған пилоттық жоба аясында әрекет ете отыра, тірек-қимыл аппараты бұзылған 8 оқушыны, ал 2013-2014 оқу жылында естуі мен сөйлеуі бұзылған 7 оқушыны «Техник-бағдарламашы» мамандығына қабылдады. Тәрбиелік, психологиялық орта құру дамуында арнайы қажеттілігі бар (бұдан әрі - ДАҚ) тұлғаларды әлеуметтендірудің маңызды факторы болып табылады (6-кесте).

6-кесте – ДАҚ бар оқушыларды әлеуметтік қорғаудың негізгі бағыттары көрсетілген.

Жұмыстың негізгі бағыттары мен формалары		
Оқушыларды әлеуметтік қорғау, олардың құқықтарын сақтау	Оқушылар ұжымының өмірлік іс-әрекетін ұйымдастыру	Оқушылар мінез-құлқын бақылау және түзету
Балаларды материалдық қамтамасыз ету. Барлық оқушылар: - 12 188 тенге көлемінде шәкіртақы; - тамақтануға өтемақы алады	Оқушылардың өзін-өзі басқаруы	Диагностика

Құжаттарды рәсімдеуге көмек көрсету	Мәдени көпшілік шараларды ұйымдастыру	Психологиялық-педагогикалық консилиум
Ата-аналармен жұмыс	Мәдени мекемелерге бару	Жеке әңгіме
Оқушылар мүддесін қорғау		Түзету сабақтары, тренингтер

«Сервис» Батыс-Қазақстан технологиялық колледжінде 2013-2014 оқу жылының қыркүйегінен бастап, «Тігінші» мамандығын алу үшін нашар еститін және естімейтін оқушыларға арналған арнайы топ ашылды. Оқушыларға психологиялық-педагогикалық көмек беру үшін сурдоаудармашы, психологтар, әлеуметтік педагогтер және өндірістік оқыту шеберлері жұмыс істейді. Кедергісіз аймақтың барлық қажетті жағдайлары жасалған [19].

ТжКБ саласындағы инклюзивті білім беруді дамыту келесі себептер бойынша оң нәтиже беретінін эксперимент көрсетіп отыр.

- арнайы қажеттілігі бар балалармен үздіксіз білім беру принципі жүзеге асады;

- жұмысшы мамандығын алғысы келгендердің барлығы үшін бірдей бастапқы мүмкіндіктер бар;

- өскелең ұрпақта арнайы қажеттілігі бар адамдарға деген бірге уайымдау сезімі және шыдамды қарым-қатынас қалыптасуда[20].

Сонымен, бүгінгі күні ТжКБ өзекті мәселесі оқыту мен тәрбиелеудегі әлеуметтік (ерекше) тәсілдерге мұқтаж, денсаулығында арнайы қажеттілігі бар студенттер санының өсуі болап табылады.

Оқушы жастар мүгедектігі өмірлік іс әрекетке айтарлықтай шектеу қояды, әлеуметтік икемсізденуге, қарым-қатынастағы қиыншылыққа, кәсіби дағдыларды оқу мен меңгеруге мүмкіндік беруі мүмкін, сонымен қатар, ол тең емес мүмкіншіліктердің әлеуметтік мәселесі болып табылады.

Әлемдік қауымдастықтағы көптеген елдерде, сонымен бірге Қазақстанда да, мақсаты мүгедектерге қазіргі қоғамға ерекше оқыту қажеттілігі бар (бұдан әрі – ЕОҚ) тұлғаларды кіріктіру болып табылатын әр түрлі оңалту қызметтері құрылған. ЕОҚ бар тұлғалардың жоғары білім алуы және оларды Қазақстанның жоғары оқу орындарында оқыту қазіргі кезеңде үлкен қиындықпен сирек жүреді. Бұл қиыншылықтар экономикалық және медициналықпен қатар, сау адамдардың (студенттер және ҚР жоғары оқу орындарының оқытушылары) ЕОҚ бар тұлғалармен жоғары білім алу мәселесіндегі толерантты қарым-қатынасымен байланысты психологиялық-педагогикалық сипатта да болады. Қазақстанның жоғары оқу орындарына инклюзивті (қосылатын) оқыту технологиясын енгізу ЕОҚ бар тұлғаларға сөзсіз осы құқықты іске асыруға көмектеседі. Жоғары оқу орындарында инклюзивті (кіріктірілген) оқытудың міндеті – әр студенттің қажеттілігін қанағаттандыратын жүйе құру. Қазіргі уақытта мемлекеттік бағдарламалар, ел Президентінің бастамасы және инклюзивті білім беру бойынша жобалардың нәтижесінде арнайы қажеттілігі бар жас адамдардың едәуір үлкен мүмкіншіліктері бар. Мүгедек жандар республикада әлеуметтік қорғалатын халық топтарын қолдау идеяларын енді ғана ұғына бастады.

Қазіргі уақытта елде инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдерін әзірлеу және енгізу бойынша жұмыс жүргізілуде. Сонымен, білім беру бағдарламаларын жаңғырту жүріп жатыр. Жоғары оқу орындарында оқыту әдістерін жетілдіру мақсатында ҚР арнайы (түзету) ұйымдары үшін арнайы (түзету) педагогиканың әр түрлі салаларында – олигофренопедагог, тифлопедагог, сурдопедагог, логопед, арнайы педагогтер мен психологтар сынды білікті мамандар даярлау іске асырылуда.

Бүгінгі күні елдің 37 жоғары оқу орындарында психологиялық-педагогикалық қолдаумен 780 студентті инклюзивті оқыту үшін жағдай жасалған. (7-кесте).

7-кесте. – Деректер Абай атындағы ҰПУ жанындағы превентивті суицидология және жоғары оқу орындарында инклюзивті білім берудің ресурстық-кеңес беру орталығымен ұсынылды (2016 жылғы 25 мамырдағы жағдайы бойынша)

№	ЖОО атауы	ЕБҚ бар студенттер саны		Оқыту формасы			Денсаулығындағы бұзылыстар бойынша студенттер саны				
		барлығы	олар. ішінде грант бойын оқитын	күн-дізгі	қа-шық-тан	сырттай	ТҚАБ	есту	көру	сөй-леу	сома тикалық
1	Алматы энергетика және байланыс университеті	13	10	13	-	-	2	-	3	-	8
2	Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті	55	28	55	-	-	26	-	13	-	16
3	С.Баишев атындағы Ақтөбе университеті	3	-	3	-	-	1	-	2	-	-
4	Семей қаласы Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті	33	1	32	1	-	18	1	3	-	14
5	Еуразия гуманитарлық институты	9	-	8	-	1	3	-	2	-	4
6	І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті	29	14	27	2	-	-	-	4	1	24
7	Қазақ спорт және туризм академиясы	69	59	59	-	10	5	52	11	-	1
8	Қазақ мемлекеттік сәулет-құрылыс	12	8	12	-	-	-	-	-	-	12



	академиясы										
9	Абай атындағы Ұлттық педагогикалық университеті	37	19	37	-	-	1	3	5	-	26
10	Қ. Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті	22	19	22	-	-	-	-	2	-	20
11	Абылайхан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті	3	1	3	-	-	-	-	3	-	-
12	Қарағанды мемлекеттік индустриялық университеті	5	2	4	-	1	-	-	-	1	4
13	Қарағанды мемлекеттік медициналық университеті	55	31	55	-	-	24	0	7	3	21
14	Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті	32	12	32	-	-	3	-	4	1	27
15	Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті	56	27	53	-	3	23	2	13	2	16
16	Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті	11	10	11	-	-	1	1	1	5	3
17	А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті	8	-	7	-	1	3	-	1	2	2
18	М.Дулатов атындағы Қостанай инженерлік- экономикалық университеті	70	-	1	-	-	1	-	50	-	70
19	Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті	26	6	26	-	-	-	2	1	-	23

20	Халықаралық бизнес академиясы	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
21	Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты	10	10	7	-	3	4	1	1	-	2
22	С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті	40	-	33	-	7	14	-	12	-	14
23	М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті	31	16	29	1	1	16	2	3	-	10
24	Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті	11		11							11
25	Университет ТҰРАН	11	2	10	1	-	3	-	1	1	6
26	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
27	Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті	7	6	7	-	-	2	-	-	-	5
28	С.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ	64	64	64	-	-	30	1	8	-	25
29	Семей қаласы ММУ	19									19
30	Қазақстан-Неміс университеті	1	-	1	-	-	-	-	1	-	-
31	Оңтүстік Қазақстан фармацевтикалық академиясы	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
32	С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ	48	18	-	-	-	18	-	7	-	23
33	Қарағанды мемлекеттік индустриалдық университеті	5	2	4	-	1	4	-	-	1	-
34	А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті	16	9	16	-	-	4	-	2	-	10
35	Қазақ ұлттық өнер университеті	6	5	6	-	-	5	-	1	-	-

36	Халық шаруашылығы Университеті	20	8	-	-	-	3	3	3	-	11
37	Халықаралық білім беру корпорациясы	12	8	12	-	-	6	-	-	1	5
	БАРЛЫҒЫ	780	692	652	5	27	220	70	281	18	666

Бүгінгі күні Қазақстандағы ЕОҚ бар тұлғаларға арнайы және қашықтан білім беру, бір жағынан, оқушылардың медициналық және педагогикалық қызметтерге қажеттілігін қанағаттандыру үшін ерекше жағдай жасайды, екінші жағынан – олардың өмірлік мүмкіншілігін шектей отырып, әлеуметтік кіріктіруге тосқауыл болады.

Шешілетін мәселелердің күрделілігіне қарай, инклюзия белгілі бір кедергілерге кездеседі. Қазақстанның жоғары оқу орындарында инклюзивті оқыту технологияларын енгізу процесі тек кедергісіз орта (пандустардың болуы, ЖОО бірқабатты дизайны, сурдоаудармашылар штатын енгізу, жалпы қолданылатын орындарды қайта жарақтау және т.б.) сынды ұйымдардың қиыншылықтармен ғана емес, кең таралған стереотиптер мен ырымшылдық, оның ішінде профессор оқытушылар құрамының, студенттердің және олардың ата-аналарының кіріктіруді қабылдауға дайындығы немесе бас тартуымен жасалатын әлеуметтік қасиеттегі қиыншылықтар да кездеседі [21].

Қазіргі уақытта, инклюзияның медициналық моделіне сүйене отырып, Қазақстан Республикасының көпшілік жоғары оқу орындары ЕОҚ бар абитуриеттермен кездесуге дайын емес: себебі жайластырылған орта да, осындай оқытуға арналған арнайы бағдарлама да жоқ. Шынында, білім берудің тең мүмкіншілігін мүлдем жоққа шығармайды, керісінше ЕОҚ бар тұлғалар (жеке тәлімгер-көмекші, барлық оқу ұйымдарында арнайы лифтілер және тасымалдағыштар, көру бұзылыстары бар немесе физикалық денсаулығында арнайы қажеттілігі бар адамдар үшін арнаулы клавиатуралар) үшін арнайы білім беру ортасын құруды болжайды. Халықтың осы категориясы білім алатын ұйымдарда инклюзия – өздерінің білім алушыларын бос уақыттық, құқықтық, білім берулік және т.б. сынды өмірдің әр түрлі әлеуметтік салаларына кіріктіру үшін жағдай жасауды ойлауы керек. Бұл білім беретін жоғары оқу орындарынан, ұйымдардан оқу процесінде ерекше білім беру қажеттілігі бар студенттерді қолдау мәселесін шешетін ерекше құрылымды талап етеді.

Сонымен, инклюзия – бұл жоғары оқу орнының өмірінде және оқу процесінде барлық студенттердің, соның ішінде физикалық шектелген студенттердің де тең және ашық қатысуы үшін, кедергілерді жоюға бағытталған жоғары мектептің барлық қызметкерлері, ата-аналар, студенттер, шенеуніктер және барлық қоғам тартылған бүкіл білім беру ұйымдарын өзгерту процесі.

Кіріктірілген оқыту сол және басқа да қатысушылар үшін әр түрлі білім беру маршруттары бар, гетерогенді топтар үшін біріңғай білім беру кеңістігі идеясына негізделеді.

Негізінен, негізгі сипаттама талдауы шынайы инклюзия (кіріктірілген оқыту) бірқатар жағдайларды: қомақты мемлекеттік қаржыландыру, жоғары білім беру мекемелері педагогтерін психологиялық-педагогикалық қайта даярлау, студенттік қоғамда толерантты адамгершілік атмосфера қалыптастыруды сақтауды талап ететінін көрсетті.

Айта кететіні, қазіргі уақытта әлемдік қоғамдық тәжірибеде мүгедектіктің екі тәсілі: 1) инклюзияның медициналық моделі; 2) инклюзияның әлеуметтік моделі бар.

Медициналық модель мүгедектікті медициналық феномен («ауыру адам», «физикалық ауыр зақымданған адам») ретінде анықтайды, ол бүкіл Қазақстан территориясында үстем болуын жалғастыруда. Бұл моделде мүгедектік сырқат, ауру, патология ретінде қаралады. Осы модел қамқоршыл сипатта (яғни қоғамның шектелген қамқоршылықты ұстанымы) мүгедектермен жұмыс істеу әдісін анықтайды, және емдеуді, еңбек терапиясын, адамның өмір сүруіне көмектесетін арнайы қызмет құруды талап етеді. Әлеуметтік моделге сәйкес, адам өз сырқатының салдарын әлсіретуге ұмтылуы мүмкін, бірақ сырқатының өзі және қоғамдағы түрлі кедергілер оған мүмкіндігінің шектеулі екендігін сезінуге әкеледі. Әлеуметтік модел қолдаушылары адамдардың мүгедектігіне көңіл аударудың орнына, олардың денсаулық деңгейіне тоқталады. Басқаша айтқанда, мүмкіндіктің шектелуі қоғам ішіндегі әлеуметтік және экономикалық қысымшылық ретінде түсіндіріледі, сондықтан арнайы қажеттілігі бар адамдарды кемтар немесе қасіреттен қарағанда қысымшылық көрген топ ретінде қарауға болады. [22]. Біздің талдауда, біз физикалық кемшілігі бар тұлғалардың студенттік қауымдастықтағы интеграциясының гуманистік парадигмасын ұстанамыз, сонымен қатар, қазіргі кезеңде тұлғаның бірегейлігі мен өзіндік құндылығын тану, гуманизм идеяларын, физикалық арнайы қажеттілігі бар тұлғаларды дамытудың жолдарын іздеуді дамытатын жаңа педагогикалық стратегияны әзірлеу қажеттілігіне әкелгенін көруге болады.

Сонымен, біздің пікірімізше, ЕОҚ бар тұлғаларға қатысты қоғамның толеранттылығы жолындағы маңызды қадам және алғышарт ЕОҚ бар тұлғалармен қарым-қатынаста, оқытуда және кәсіби даярлықта кедергісіз ортаны құруға бағытталған бүкіл әлемдік қауымдастықтағы инклюзияның әлеуметтік моделін қабылдау болып табылады.

Осындай студенттерге қатысты *формалды толеранттылық*, оларға немқұрайлы қарауынан, сұхбаттас-мүгедек жанға сын көзімен қарамаушылық, жеке байланыстан қашуға ұмтылу, сұхбаттасына енжар қараушылықтан көрінеді. Жоғары оқу орындарындағы осындай тәлім оларды социум тарапынан мойындамау және ығыстыруды көрсетеді.

ЕОҚ бар студенттерге қатысты *демонстрациялы толеранттылық*, олармен серіктестік өзара қарым-қатынастың жеке тәсілдерін көрсетуден, жеке пайдасына (айла) жету үшін өзінің ЕОҚ бар студенттер ерекшеліктеріне бейімделуінен, кінәсін сезіну, тану, қолдау көрсету, алғыс білдіруінен немесе басқа адамның даралығын іштей қабылдамауды әлеуметтік қолдауға

ұмтылудан, сезінетін немесе сезінбейтін қажеттіліктерді қанағаттандырудан тұрады.

Жоғары оқу орындарының ПОҚ және студенттер толеранттылығының тұлғалық әлеуеті, әлбетте, мәні бойынша «әлеуметтік көпшіліктің интеграциялық әлеуетін» көрсетеді. Бұл тұлғаның коммуникативтік, реттеушілік және адамгершілік қасиеттер жүйесін, құндылық-мағыналық нұсқауды, таным ерекшелігін, өзіндік сана және тұлғаның қарым-қатынас жүйесін біріктіретін кіріктірілген тұлғалық білім беру. Ол адамдардың серіктестік теңқұқылы қарым-қатынаста басқа мәдениеттерді және өмір салтын қабылдауға дайындығын анықтайды. Әдетте, жоғары оқу орнының ПОҚ және дені сау студенттер тарапынан ЕОҚ бар курстастарымен қарым-қатынаста толеранттылықтың жоғары деңгейінің болуы, Қазақстанның жоғары мектептеріне кіріктірілген оқыту технологиясын енгізу процесін табысты жүзеге асыруға мүмкіндік беретін жетекші педагогикалық жағдайлардың бірі болып табылады.

Бұл бүгінгі күні жоғары білім беру саласындағы кіріктірілген оқытудың Қазақстанның мемлекеттік білім беру саясатының басымдықтарының бірі саналатының тағы бір дәлелі.

Кіріктірілген оқыту технологияларын, инклюзивті оқыту түсініктері мен принциптерін енгізудегі бірқатар сипатты ерекшеліктер мен мүмкін болатын қиыншылықтарға жүргізілген талдау, біздің пікірімізше, отандық білім беруді кіріктіру тәжірибесінде пайдалы болуы мүмкін және Қазақстан Республикасындағы жоғары оқу орындарында инклюзивті оқытуды енгізу процесін теориялық негіздеуге қызмет етеді.

Мемлекеттің білім беру саясаты елдегі инклюзивтік білім берудің даму бағыттарын анықтауды көздейді. Білім алушының жеке басына, оның мүдделеріне, бейімділігіне, қабілеттеріне бағдарлану орта мектепте, колледжде және ЖОО-да инклюзивті ортаны ұйымдастырудың маңызды міндетіне айналып отыр.

Осылайша, қазіргі уақытта елде инклюзивті білім беруді іске асырудың жүйелі және құрылымдық тетігі жоқ. Еліміздің білім беру ұйымдарында көптеген МШБ оқитын инклюзивті сыныптар мен топтар құрылуда. Ерекше қажеттіліктері жоқ басқа да оқушылармен бір сыныпқа біріктіру болмашы ғана. Инклюзивті білім беруді белсенді енгізетін және жүзеге асыратын білім беру ұйымдарының деректер банкі жаңартылып отырмайды.

Еліміздегі білім беру ұйымдарында инклюзивті білім беру жайын талдау инклюзивтік ортаны ұйымдастыруда білім беру деңгейлерінің арасында сабақтастықтың жоқ екенін көрсетті. Осылайша, ерекше қажеттіліктері бар мектепке дейінгі жастағы балалар мектепке дайындау бойынша және жазылым, айтылым, оқылым және басқа дағдыларды дамыту бойынша сапалы қызмет алып, одан ары бірқатар себептерге байланысты сапалы білім беру қызметін алу мүмкіндіктері бола бермейді:

- мұндай балаларды қабылдау мүмкіндігі бар білім беру ұйымдарының аздығы;

- көпшілік жалпы білім беретін мектептерде арнайы құрылғылар мен жабдықтардың (пандустар, арнаулы лифтілер және т. б.) болмауы;
- отбасыда баланың мектепке келуін ұйымдастыру мүмкіндігінің (табысы аз, баланың жәрдемақысына өмір сүретін отбасылар, баланы жеткізу үшін көлігі жоқ және т. б.) болмауы;
- осындай санаттағы ерекше қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жасайтын педагог кадрлардың дайын еместігі.

Жүргізілген талдау ерекше қажеттіліктері бар балаларды білім беру үдерісіне қосудың әдістемелік тәсілдемесінің жеткіліксіз екені туралы қорытынды шығаруға мүмкіндік берді.

Қазіргі заманғы білім беру парадигмасы барлық деңгейдегі инклюзивті білім беруде, пәндік салаларда, педагогикалық технологиялар салаларында, білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауда сабақтастық пен кіріктіру принциптеріне сәйкестік қажеттілігіне бағытталған.

Өсіп келе жатқан ақпараттық ағындар мен жоғары технологиялық өндірістер инклюзивті орта құру мен ерекше қажеттілігі бар балалардың сапалы білімге қолжетімділігін қамтамасыз ету бойынша мүмкіндіктерді кеңейтуге ықпал етеді. Ерекше қажеттіліктері бар балалар базалық білімділік деңгей бар құрдастарымен бірдей жұмысқа кіре алатын, бір қызмет түрінен басқасына ауыса алатын және ең бастысы, әлеуметтендірудің кең коммуникативтік іскерліктер мен дағдылар иемденген толыққанды маман болып шығуы тиіс.

Бірқатар жалпы білім беретін мектептерде инклюзивті білім беруді дамыту тәжірибесін жалпылау қазіргі уақытта білім беруді инклюзивті ұйымдастырудың критерийлерін, инклюзивті мектептерге қойылатын минималды талаптар бойынша нұсқаулықтарды, инклюзивтік білім беруді барлық деңгейлерінде қолдау жүйесін жасау қажеттілігінің пісіп-жетілгені туралы қорытынды жасауға мүмкіндік берді.

Инклюзивті білім берудің дамуына жүргізілген талдау инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын мектептерде бар көпшілік өңірлерге тән проблемаларды бөліп көрсетуге мүмкіндік берді:

- елдегі білім беру ұйымдарында кедергісіз ортаның болмауы (инклюзивті білім беруді іске асыратын жалпы мектептер санының 3%-ынан азы лифтермен қамтамасыз етілген, пандустар мен сезіну плиткаларының жоқтығы және т. б.) – Алматы қаласы, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Жамбыл, Қызылорда, Павлодар, ШҚО, БҚО, СҚО, ОҚО, Қарағанды облысы;

- инклюзивті білім беруді білім берудің әрбір деңгейінде әдістемелік қамтамасыз ету Алматы қаласында, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Жамбыл, Қызылорда, Павлодар, БҚО, СҚО, ОҚО облыстарында жеткіліксіз;

- мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған түзету кабинеттері мен инклюзивтік кабинеттер санының (елдің барлық өңірлерінде) жеткілікті болмауы;

- инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеу үшін дайындалған педагогикалық кадрлардың жетіспеушілігі және арнайы педагогтардың (логопед, дефектолог, тифлопедагог, сурдопедагог) штаттық бірліктерінің болмауы.

Инклюзивті білім беруді қамтамасыз ететін педагог кадрларды даярлау кезінде олардың арнайы білімді меңгеруі ғана маңызды емес, сондай-ақ олардың инклюзия жағдайында кәсіби қызметіне деген құндылық қарым-қатынасын және ерекше баланы түсініп, қабылдау қабілеттерін де қалыптастыру керек. Сондай-ақ педагогке инклюзивті білім беру ортасында пайдалану үшін барынша тиімді технологиялар және әдіснамалық және әдістемелік әзірлемелер ұсыну маңызды болып табылады.

Өткізілген талдау барысында инклюзивті білім беру педагогінің білім беру стандарттарын дайындау жөніндегі мәселе анықталды. Осы міндеттерді табысты шешудің маңызды шарты инклюзивті практиканы жүзеге асыру үшін қажетті құзыреттер тізбесін айқындау, сондай-ақ мұғалімде бар тәжірибесін және дайындық деңгейін, мектеп ерекшелігін, ондағы ресурстарды есепке алу болып табылады.

#### 4 Халықаралық тәжірибе

Әлемнің көптеген дамыған елдерінде (АҚШ, Ұлыбритания, Швеция, Германия, скандинавия елдері) ерекше қажеттілігі бар балаларға білім беруді дамытудың негізгі үдерісі кіріктірілген (инклюзивті) білім беру болып табылады. Жалпы білім беру процесіне тартылған балаларға арнайы қосымша жағдай жасалады, оқытуды жеңілдететін көмек және қолдау көрсетіледі.

Елдердің әрқайсысы білім берудің жан-жақты, кіріктірілген моделін құруды мәлімдейтін жеке кіріктіру моделдерін жүзеге асырады.

Соңғы жылдары шет елдерде «кіріктіру» түсінігінің орнына «енгізу» (*inclusion*) түсінігі пайда болды. «Инклюзивті білім беру» түсінігі ерекше қажеттілігі бар оқушыларды өз құрдастары оқитын мектептерде оқыту формасын ұсынады. Енгізу ерекшелікке және нәсілшілдік, жынысына қарай басқадан артықшылығына және т.б. сенімділік сияқты әлеуметтік ауруларға қарсы күресті білдіреді. Енгізу оған мұқтаж болған, қандай формада болмасын оған қажетті қолдау кепілділігін қамтамасыз етуді білдіреді.

Азаматтық қоғам, өз кезегінде, қоғамдық қатынастар жүйесінде ізгілік пен толеранттылықты бекітуге мүмкіндік беретін адамдарды қорғау құқығы бойынша әлеуетті жүзеге асыра алады.

Екінші жағынан, қоғам қабылдау стереотипін психологиялық сияқты материалды- техникалық (пандустардың, көтергіштердің, жабдықталған туалеттердің, жарықтық және дыбыстық сигналдардың, Брайл шрифіндегі жазбалар, естімейтін және жартылай естімейтіндер үшін ұжымдық және жеке қолдануға арналған дауыс күшейткіш құралдары, көрмейтіндерге арналған оқыту кешендері және т.б. болуы,) жағынан да жеңе отырып, инклюзивті білім беруге дайын болуы қажет.

Сонымен, 1961-жылдан 1980-жылға дейін Швецияда және басқа да скандинавия елдерінде мұғалімдермен, ата-аналармен, бүкіл халықпен интеграцияны анықтау және меңгеру туралы ірі әлеуметтік-педагогикалық жұмыс жүргізілді. Бұл өкімет органдарымен реттелмеген көптеген жеке бастамалар қозғалысы болды. Мұнда, АҚШ сияқты, елдің тиімді әлеуметтік және экономикалық дамуымен, социал-демократиялық қозғалыстардың бастамашылығымен және қолдауымен интеграция біртіндеп «төменнен» өсті. Ел интеграция феноменін ( 20 жылға жуық уақытты қажет ететін) негізінен іс жүзінде және моралдық тұрғыдан меңгергенде ғана, ол шынайы заңдастырылған болады. 1980 жылы денсаулық мүмкіндігі шектеулі азаматтардың арнайы білім беру құқығын қамтамасыз ететін кемсітушілікке қарсы заң қабылданды.

Сонымен қатар, 1970-жылдан бастап мүгедектердің білім алу мүмкіндіктерін кеңейтуге мүмкіндік беретін нормативтік актілер пакетін әзірлеу мен енгізу жүргізілді. АҚШ және Еуропаның білім беру саясатының таяудағы тарихында бірнеше тәсілдер: мектептер десегрегациясы, білім беруге қол жетімділікті кеңейту (*widening participation*), кіріктіру, мейнстриминг (*mainstreaming*), инклюзия (ағылшын тілінен. *inclusion* - қосылу) өз дамуын көрсетті.



Мейнстриминг мүгедектігі бар оқушылардың құрдастарымен мерекелердегі, түрлі бос уақыт бағдарламаларындағы қарым-қатынас стратегиясы жатады, ал егер олар тіпті мектептің көпшілік сыныптарына қосылса, онда білім беру мақсаттарына жетуге емес, ең алдымен әлеуметтік қарым-қатынастағы өз мүмкіндіктерін арттыруға арналады.

Кіріктіру негізінен білім беру жүйесі өзгеріссіз қалатын: мүгедек-балаларға бейімделмеген көпшілік мектептерді (айта кететіні, мүгедектігі бар оқушылар көпшілік мектептерге бара отырып, барлық басқа балалар оқитын сыныптарда оқуы міндетті емес) психикалық және физикалық бұзылысы бар балалардың қажеттілігіне сәйкес келтіруді білдіреді.

Инклюзия – бұл қазіргі термин, ол: мектепті реформалау және бәрі балалардың мүддесі мен қажеттілігіне жауап беретін оқу ғимаратын қайта жоспарлаумен түсіндіріледі [23].

*АҚШ* да 1875жылдан 1914-жылға дейін-ақ міндетті мектептік білім беру жүргізілді, осыған байланысты ақыл есі дамымаған балаларға, сонымен қатар, «мінез-құлқы түзелмейтін» деп есептелетін, естімейтін және физикалық мүгедектерге арналған сыныптар жасақталды.

Осы кезеңде Ұлттық білім беру ассоциациясы Әлеуметтік білім беру департаментін құрды. Елге келімсектер легі келе бастады, ұйымдасқан жұмыс күшінің саны өсті, адамның ой-өрісі шамасының психологиялық теориялары мен тесттері дамыды.

Осы факторлардың бәрі жеке айырмашылықтары мен әлеуетті бақылау мен анықтау принциптері жинақталған, мектептік жүйеге әсер етті. 60-70-жылдары оқушылардың сәтсіздіктері үшін мектептер кінәлі саналып, жиі сынға ұшырап отырды. Сонымен, Джейн Мерсер зерттеуінде, әр әлеуметтік жүйе адамға жаңа анықтама береді, сондықтан мүгедектік әлеуметтік уағдаластық өнімі болып табылады деп атап көрсетілді.

1962 жылы М.Рейнольдс қызметтер молдығы түсінігін ұсынды, содан кейін И.Дено оны жетілдірді. Бұл молшылық, немесе үздіксіздік жекелеген оқушылар қажеттіліктерін қанағаттандыру бойынша қызметті құрылымдауға арналған моделді ұсынды және ауруханадағы мен үйдегі оқытудан арнайы мектепке, арнайы сыныптарға және соңында көпшілік мектептердің әдеттегі сыныптарына дейін сараланды.

1977 жылғы «Барлық мүгедек-балаларға арналған білім беру туралы» Заңда арнайы білім алу үшін мүгедек-балаларға арналған қажетті тиісті қосымша қызметтер тізімі келтіріледі»: ата-аналарға кеңес беру және дайындау, балалар мен отбасына арналған көлік, логопедия, аудиология, психологиялық қызметтер, физиотерапия, рекреация, басқыншы терапия, ерте сәйкестендіру, медициналық қызметтер, мектеп дәрігері немесе медбике, мектеп әлеуметтік қызметкері, психолог, әлеуметтік жұмыстар қызметі. 1990-жылдары АҚШ-да жекелеген оқыту принципімен мүгедектігі бар барлық балаларға арналған Заң, сонымен қатар, мүгедектігі бар жеке тұлғаларға білім беру туралы заң қабылданады [24].

Зерттеуші М. Рейнольдс мектептердің орналасуы, іріктеу принциптеріне қатысты арнайы білім беру тарихын - көпшілік мектептер жүйесіне мүгедектігі

бар оқушыларды қосуды біртіндеп алға басу ретінде сипаттайды. Оның пікірі бойынша, көпшілік мектептер жағдайында оқытуды жақсарту, арнайы сыныптар мен арнайы мектептерге баратын балалар санының азаюына әкеледі, сонымен қатар, ол көп жағдайларда әр түрлі мүгедектігі бар оқушыларға ұсынылған бағдарламалардың тәуекелдік жағдайында балалар оқитын бағдарламалардан айырмашылығы жоқтығына сендіреді. Сонымен, барлық оқушылар тұрғылықты мекені бойынша мектепте өз құрбыларымен бірге оқитын, инклюзия, немесе оқытуды ұйымдастыру принципіне қатысты қосылу түсінігі туралы сөз болады. [25].

Бүгінгі күні батыс елдерінің көпшілігінде мүгедек-балаларды кіріктірудің маңыздылығына қатысты білгілі бір келісім орнады. Мемлекеттік, муниципалдық және жеке мектептер ерекше қажеттіліктегі балалар үшін бюджеттік қаржыландырылады, және соған сәйкес, олар мүгедек ретінде ресми тіркелген оқушылар санының өсуіне мүдделі болады.

Жалпы білім беретін ұйымдарда «проблемалы» балаларды кіріктіру – бұл әлемнің кез-келген елінде арнайы білім беру жүйесін дамытудың заңды кезеңі, барлық жоғары дамыған елдер тартылған процесс. Арнайы қажеттілігі бар балаларға білім берудің осындай тәсілі түрлі сипаттағы өмірге бағыттайды. Оларды жинақтап, қоғам мен мемлекеттің экономикалық, мәдени, құқықтық даму деңгейі белгілі бір деңгейге жеткен әлеуметтік тапсырыс ретінде белгілеуге болады.

Бұл кезең қоғам мен мемлекеттің өздерінің мүгедектерге қатынасын қайта пайымдауымен, олардың құқығының теңдігін тануымен ғана емес, қоғамдағы өз міндеттерін түсінуімен, осындай адамдарға басқалармен теңдей білім беруді қоса, өмірдің әр түрлі салаларындағы басқа да мүмкіндіктерін қамтамасыз етумен байланысты.

*Финляндияда* инклюзивті білім беру заңнамалық деңгейде бекітілген және балаларды қоспағанда бәріне (келімсектер, шалғай аудандардың балалары, ұлттық азшылық топтар, мүмкіндігі шектеулі және т.б.) қолжетімді болуы тиіс, жалпы білім беруді дамыту мен үнемі жетілдіру процесі ретінде пайымдалады. Мұнда инклюзивті білім беру 20 жыл көлемінде дамуда және маңызды ғылыми зерттеулермен қолдау жасалған. 2008 жылы ресми түрде Инклюзивті білім беруді дамыту тұжырымдамасы арқылы инклюзия саясаты бекітілді.

Сонымен, ұлттық оқу жоспарына көпшілік мектептерде ДАҚ тұлғаларды кіріктіріп оқытуды қамтамасыз ететін арнайы өзгерістер енгізілді. [26].

Сонымен қатар, ата-аналар мен педагогтерден ДАҚ білім алушыларды сүйемелдеу мен қолдауды ұйымдастыратын жеті мемлекеттік оқыту-кеңес беру орталықтарынан тұратын жүйе бар. Орталық қызметкерлерімен ДАҚ балаларды оқыту бойынша орталықтың өзінде ұйымдастырылатын ұзақмерзімді курстар, әдеттегі мектептер базасында қысқамерзімді курстар, сонымен қатар мастер-кластар өткізіледі.

Осы орталықтардың орналасуының біркелкі еместігіне және ДАҚ бар балалар туралы біртұтас ұлттық мәліметтер базасының жоқтығына байланысты балалардың орталыққа кеш түсуі мәселелердің бірі болып табылады. Инклюзивті оқытуды жүзеге асыру үшін елде арнайы кадрларды даярлау

ұйымдастырылды. Сонымен, Лапланд университетінде мұғалім болуды қалайтын кез-келген мамандарды оқытуға арналған «Оқытушыларды оқыту» арнайы курсы(60 кредит) әзірленді. [26].

Муниципалды деңгейде инклюзия білім алушылардың екі тобынан (әдеттегі дамыған мектеп оқушылары және ДАҚ бар балалар), екі педагогтен (кейде оларға арнайы педагог немесе ассисент қосылады) құралған бір сыныптағы жұмыс формасында жүзеге асуы тиіс. Осындай біріктірілген сыныптардағы балалар саны 25 оқушыға жетуі мүмкін.

Білім алушыларды қолдау келесі түрде жүзеге асырылады: ДАҚ бар балалар мектепке тұрғылықты жері бойынша түседі. Онда осындай балалармен мамандар командасы (директор, мұғалім, арнайы педагог, мұғалімнің көмекшісі, медбикелер) жұмыс істейді. Бұл топ нақты баланың мәселесін талқылау үшін жиі жиналады. Мәселе туындаған жағдайда ата-аналар мен мұғалімдер психологқа жолығуы қажет.

Сонымен инклюзивті оқыту әдеттегі көпшілік мектептерде арнайы сыныптардың болуымен жүзеге асады. Осындай арнайы сыныптарда әдеттегідей ауырырақ немесе күрделі бұзылыстағы балалар оқиды. Олармен 2 - 3 арнайы педагогтер және ассистент жұмыс істейді. Балалар саны – 10 адамға дейін болады. ДАҚ бар әр баланың өз жеке оқыту жоспары бар. Көпшілік мектеп педагогтерінде кездесетін негізгі мәселелер инклюзивті оқыту тәжірибесін әдістемелік қолдаудың жеткілікті әзірленбегендігі болып табылады. Финляндияда әзірленген ДАҚ бар балаларды қолдаудың жаңа және перспективалы формасы мұғалімдердің өзара әрекеті және тең мұғалімдік болып табылады.

Финляндияның Ұлттық білім беру стандарты ерекше икемділігімен ерекшеленеді, сонымен болашақ педагогтерді даярлаудың финдік бағдарламасында жұмыс істеу қажет болатын, арнайы контексте бейімделген оқыту әдісіне басымдық беріледі. Стандартпен балалардың білімді әр түрлі жылдамдықта меңгеруі танылады, бірақ нәтижесінде олар мүмкін болатын жоғары талаптарға сәйкес болуы қажет.

Қазіргі мұғалімді даярлаудың негізгі сәті оның инклюзивті тәжірибені жүзеге асыруға дайындығы болып табылады. Студенттер әр түрлі оқушылардың білім беру мұқтаждықтарын түсіну үшін кең біліктілік алады. Инклюзивті педагогикалық тәсіл студенттерде инклюзивті білім беру мәнін олардың түсінуі негізінде оларда идеяларға, сонымен қатар инклюзивті тәжірибе дағдыларын оқытуға сенім мен шынайы берілгендігінің қалыптасуын құрайды.

Фин педагогикаларының ізгілік бағыттылығы, еркін тәрбие идеясы, оқытуды жекелендіру тұжырымдамасы өз кезегінде жалпы мектептік жүйеге арнайы қажеттіліктегі балаларды ауыртпалықсыз кіріктіру үшін жағдай жасайтын оқушыларды жеке табиғи түрде қолдаумен қамтамасыз етілген. [26].

*Швецияда* ДАҚ бар балалардың көпшілік мектептерде оқу құқығы заңнамамен бекітілген. Сондықтан мемлекет осындай мектептерге әлеуметтік және қаржылық қолдауды жүзеге асырады. Университеттерде мұғалімдер даярлаудың барлық бағдарламаларында арнайы білім беру бойынша міндетті

курстар (15 кредит) бар. Инклюзивті ойлау негізі барлық оқытушылармен бүкіл пәндерде қалыптасады.

Муниципалды деңгейде ДАҚ бар балаларды әдеттегі сыныптарға алу тәжірибесі бар, сондықтан, олар аптасына бірнеше сағат арнайы педагогтермен жеке топтарда дайындалады. Педагогтер өздерінің негізгі міндетін баланы ол толығымен әдеттегі сыныптарда оқи алатындай етіп дайындау деп санайды. Мектепте ДАҚ бар балада қандай да бір мәселе туындағанда, жағдайды қарап және шара (ауруханаға емделуге жолдама беруге дейін) қабылдайтын комиссия (педагогикалық кеңес) жиналады. ДАҚ бар балалар оқитын сыныптарда және топтарда екі арнайы педагог жұмыс істейді.

Швецияда ДАҚ бар балаларды инклюзивті оқытуды ұйымдастырудың негізгі әдістері осындай оқытуды жүзеге асырудың әдістерін түсінудің жалпы тәсілдерін қалыптастыру болып табылады [26].

Арнайы білім берудің (SIH) шведтік агенттігі кеңес беруге және отбасы мен мектептерді қолдауға жауап береді, оқу пәндері бойынша ұсыныстар береді, ерекше мұқтаждықтағы балаларды оқытуды тиімді ұйымдастыруда муниципалды өкіметке көмектеседі. Швециядағы инклюзивті білім беру барлығы үшін білім беруге тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге арналған, сонымен қатар, әлеуметтік қарым-қатынастағы адам құқығы тұжырымдамасы аясындағы басты принцип ретінде қабылдады [27].

*Норвегияда* ерекше білім беру қажеттілігі бар тұлғалар үшін білім берудің қолжетімділігі туралы Заң бар. Сонымен қатар, ДАҚ бар балалар үшін жеке категорияларға (ерте балалар аутизмі синдромындағы, есту, көру және т.б. бұзылыстағы балаларға) көмек беруге маманданған мемлекеттік орталықтар бар.

Инклюзивті білім беруді жүзеге асыру үшін педагогтерді даярлау университеттерде жүзеге асады. Болашақ педагогтер инклюзивті оқытуға арналған бөлімі бар арнайы педагогика курсына оқу мүмкіндігіне ие болады, сонымен қатар, оларға тәжірибеде Еуроодақ елдеріндегі инклюзивті білім беруді жүзеге асыру тәжірибесімен танысуға мүмкіндік беріледі.

Инклюзивті оқыту жүйесіне муниципалитеттер (олардан мектептер әлеуметтік және қаржылық қолдау көреді) жетекшілік етеді [26].

Сонымен, Норвегиядағы инклюзивті білім беруді дамытудың негізгі перспективасы инклюзивті оқытуды әдістемелік қамтамасыз етуді әрі қарай дайындаумен, ДАҚ бар әр түрлі категориядағы балалармен түзету жұмыстары мазмұнын тереңдетумен байланысты.

*Францияда* азаматтар құқығы мен мүмкіндігінің теңдігін қамтамасыз ететін, соның ішінде білім беру саласында бірқатар заңдар қабылданған. Мемлекет ДАҚ бар балалардың білім беру ортасына табысты бейімделуі үшін жағдай жасауды, қаржыландыруды, қажетті техникалық құралдарды қолдану және мамандар жұмысының (жеке және ұжымдық кіріктіруге арналған мектептік қолдаудағы мұғалім көмекшілері) төлемін қоса қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, көпшілік мектептерде оқитын ДАҚ бар балаларды қолдауға арналған мемлекеттік ресурстық орталықтар бар. Инклюзивті білім беру үшін мұғалімдерді даярлау университеттерде жүзеге асады.

Қазіргі уақытта Францияда муниципалды деңгейде инклюзивті оқыту екі формада ұсынылған:

- ДАҚ бар балалар әдеттегі сыныптарда басқа балалармен бірге арнайы маманданбаған мұғалімнің жетекшілігімен оқиды. (бұл сынып «мектептік инклюзия» деп аталады);

- ДАҚ бар балалар мүгедек-балаларға арналған арнайы сыныпта арнайы мұғалімнің жетекшілігімен оқиды («педагогикалық кіріктіру сыныбы»).

Мектептік инклюзия сыныбы ДАҚ бар оқушының арнайы педагогпен жеке немесе топтық жұмыстар үшін мектептік күннің белгілі сәтінде кете алатын ашық сынып болып табылады. Арнайы педагогтер, әдеттегідей, ресурстық орталықтарда жұмыс істейді, және кестеге сәйкес орталыққа бекітілген барлық оқушыларға барады, оларға және мұғалімдерге қажетті көмек көрсетеді. Балаға «мектептік инклюзия сыныбынан» толық жеке инклюзияға өтуіне мүмкіндік беретін инклюзия уақыты біртіндеп көбейеді.

Франция педагогтері инклюзияның осы формасы көру және қимыл-қозғалыс аппараттары бұзылысы бар балалар үшін өте тиімді деп есептейді. Бірақ естімейтін және ақыл-есі кем балалар үшін ол мүлде қолайлы емес болып табылады. Бұл категориядағы балалар үшін ашық жүйедегі, уақыт өте келе және көп уақытты талап ететін, қажетті сүйемелдеу мен тексеру үшін орта және жоғары сынып оқушылары қажеттілігі бойынша біріктіретін, педагогикалық кіріктіру сыныптары ашыла бастады.

Әр мүгедек-оқушы үшін мектептік оқытудың жеке жоспары әзірленеді. Ол мектептік процестің өту жағдайын, сонымен қатар, баланың ерекше қажеттілігіне барабар педагогикалық, психологиялық, әлеуметтік, медициналық іс шараларды анықтайды. Франциядағы инклюзивті білім беруді жүзеге асырудың негізгі мәселелері инклюзивті тәжірибені әдістемелік қолдауды әзірлеу, қажетті кадрлармен жеткіліксіз қамтамасыз етілу болды.

*Германияда* заңнамалық негізде әр түрлі типтегі: оқушыларға олардың білігіне, қабілеті мен табиғи талантына қарай білім беру танылған бастауыш, негізгі, шынайы, гимназия, кешендік және арнайы мектептер қызмет етеді. Сонымен қатар, осы мектеп түлектерінің әрі қарайғы оқу мүмкіндігі мен дәрежесін анықтай отырып, оқушылардың бір типтегі мектептен басқасына өту тәртібі заңнамамен реттелген.

Жалпы білім беретін мектептер құрамына кіретін жеке арнайы сыныптар, бұл негізінен бастауыш және негізгі мектептер, сондай-ақ алты сағаттық және ұзартылған күнмен жеке мектептер, сонымен қатар, арнайы мектеп-интернаттар бар. Барлық арнайы мектептер психикалық ауру балаларға арналған мектептерден басқасы, оқытуды жалпы білім беретін мектептің (бастауыш, негізгі, шынайы мектептер, гимназиялар) оқу жоспары негізінде жүргізеді, бірақ сонымен қатар, көп жағдайда осында оқитын білім алушылардың ерекшелігі ескерілетін оқыту әдістері мен дидактикалық принциптер қолданылады. Германияның бірқатар жерлерінде арнайы мектеп оқушыларын жалпы білім беретін мектепке ертерек кіріктіру үдерісі байқалады, және мүгедек-баламен жұмыс істеуге қабілетті, сәйкес түрде дайындалған қызметкердің болуын қамтамасыз етеді.

Мүгедек-балаларды және дені сау балаларды ертерек бөлек оқыту германдық мектеп жүйесі философиясында жазылған. 1960 жылдардың өзінде-ақ федералдық жерлердің білім министрлері бөлек оқыту Тұжырымдамасын жасады, соған сәйкес, олардың дамуы мен физикалық зақымдануындағы ауытқушылықтарын ескеретіндер, ақыл-есі және физикалық кемістігі бар балаларды арнайы мектеп-интернаттарға жолдауы қажет болды. 1994 жылы білім министрлері бұл саясатты өзгертті және болашақта мүгедек-балаларды көп жағдайда әдеттегі мектептерге, ерекше жағдайда балалар үйі мен бастауыш мектептерге жіберу, және оларды қалыпты сыныптарға кіріктірудің қажеттілігімен келісті.

Егер бала өз құрдастарымен оқыту процесінде қажетті көмекті алмаса, мектеп басшылығы осындай баланың арнайы білім беру мұқтаждығы бар деп мойындайды, бұл оқушыға қандай мектепке және қайда (белгілі мектептер типі Sonderschule немесе қосымша қолдау ұсынатын әдеттегі мектеп) бару керектігі туралы шешім қабылдайды. Әдеттегі мектепке баратын, бірақ қажетті көмек алмайтын оқушылар оларға осы қосымша қызметтер ұсынылатын басқа мектепке ауыстырылуы мүмкін. Баланы басқа мектепке ауыстыру туралы шешім оқыту процесінде олардың балалары қандай мәселелерді сезінетінін мұғалімдердің түсіндіруі мен ата-аналармен кеңестен кейін қабылданады. Егер ата-аналар өз балаларын ауыстырудан бас тартса, мектеп билігі ата-аналардың шешімін сотқа түсіре алады.

«Әлеуметтік саулық туралы» заңға сәйкес, ерекше білім беру мұқтаждықтарындағы оқушыларға олардың толыққанды мектептік білім алуы үшін, әсіресе міндетті мектепке бару кезеңінде мемлекеттен қаржылай көмек беріледі. Мектептегі ерекше педагогикалық оқыту туралы заң осындай оқытудың әртүрлі нұсқасын қарастырады:

- *ерекше мектептер (Sonderschulen)*. Бұлар – көру бұзылыстары бар (көрмейтін және нашар көретіндерге арналған мектептер) балаларға арналған; есту бұзылыстары бар (естімейтіндерге және нашар еститіндерге арналған мектептер) балаларға арналған; оқу мен дамуында проблемасы бар (тілінде проблемасы бар, психикалық бұзылысы бар, ақыл-ес бұзылыстары барлар үшін) балаларға арналған; мүгедек балалар үшін; созылмалы ауыруы бар балаларға арналған мектептер.

- *бірлескен сабақ*. Көпшілік ата-аналар олардың мүгедек-балалары дені сау балалармен бірге әдеттегі мектепке барғанын қалайды. Жалпы білім беретін мектептегі бірлескен оқыту егер, онда белгілі жағдайлар: медициналық немесе қарайтын қызметкердің болуы, арнайы ғимарат, арнайы жабдықталған оқу орны, арнайы оқу құралдары және т.б. жасалғанда мүмкін болады.

- *ерекше топтар*, жалпы білім беретін мектептерде де, ерекше мектептерде де бар. Топта оқуы мен дамуында түрлі мәселелері бар 8 бала оқытылады Олармен арнайы бағдарламалар бойынша жұмыс істейді.

Германияның инклюзивті мектептердегі әдеттегі және арнайы педагогтардың өзара әрекетін ұйымдастыру тәжірибесі қызықты. Сонымен екі модель бар:

- әдеттегі мұғалім мен арнайы педагог бір мезгілде өздері беретін пәндерді өзара бөліп алып, сыныпқа жауап береді. Сонымен қатар, екіншісі біріншісіне бөлінген уақытта ерекше балалар туралы кеңес береді, оның оларды оқыту процесінде пайда болған мәселені шешуіне көмектеседі, әріптесіне оның қателері туралы түсіндіреді;

- сыныппен әдеттегі мұғалім жұмыс істейді, түзету педагогы аптасына сабақта барлығы 5 сағат болады. Ол ерекше оқушыларға және негізгі мұғалімге көмектеседі. Бұл жағдайда сонымен қатар, арнайы педагог басқа мұғаліммен оның мәселелерін талқылауына уақыт бөлінеді.

Қазіргі уақытта Германияда орта есеппен, бастауыш сыныпта сыныптағы 25 адамға 5 ерекше балалардан келеді, сонымен қатар, олардың бірі немесе екеуінің ақыл-есінің кемдігі көрсетілген, орта мектепте сыныптағы 23 адамнан үш-төрт бұзылысы бар балалар оқиды. Дюссельдорфтағы Генрих Гейне атындағы бастауыш мектепте инклюзияны енгізу тәжірибесіне тоқталамыз.

Германияда инклюзивті білім беру келесі принциптерге сәйкес құрылады:

- инклюзивті білім беру ұйымдарындағы ата-аналар қоғамдастығының орасан зор мүдделілігі;
- педагог кадрларды кәсіби даярлау жүйесінің болуы;
- білім берудің осы түрін материалдық және заңнамалық қолдауды қамтамасыз ететін мемлекеттік құрылымдардың инклюзивті білім беру ұйымдарына мүдделілігі [28].

*Данияда* инклюзивті білім беру тек заңнамалық түрде бекітіліп қана қойған жоқ, сонымен қатар, инклюзивті білім беруді жүзеге асырудың ұлттық стратегиясы құрылды, инклюзивті оқытуды енгізу процесіне ұлттық ресурстық орталық жетекшілік етті [26].

Инклюзивті білім беру саласына зерттеу жүргізетін, елдің әр түрлі университеттерінің өкілдерінен құрылған белсенді топ бар, олар инклюзивті оқытуды енгізу саласындағы муниципалитеттер жұмысын бақылайды.

Бакалавриат және магистратура жүйесінде инклюзивті білім беруді жүзеге асыру үшін педагогтерді даярлау жүзеге асырылады. Мұғалімдерді даярлауда нақты педагогикалық жағдайлар мен ондағы мұғалімнің әрекетін талдауға ерекше көңіл бөлінеді. Әр түрлі мәселелік педагогикалық жағдайларды және пайда болған жағдайда мұғалім әрекеттерін реттеуді сипаттауды енгізетін әдістемелік ұсыныстар әзірленеді.

Педагогикалық бағдарламалар бойынша оқу жоспары білім алушы барлық колледж студенттері үшін міндетті әлеуметтік педагогика курсына қарастырады. Сонымен қатар, ДАҚ бар оқушылармен жұмыстың тәжірибелік аспектісін терең зерделеу мүмкіндігі бар. Осындай курсты таңдаған жағдайда студент осы салада қосымша мамандандыруға ие болады.

Данияда ата-аналардың балаларын өздері тұратын жерде оқытуға құқығы бар. Бұл құқық осындай бала үшін барлық жағдай жасалуы тиіс нақты білім беру мекемесімен жүзеге асырылады. Білім берудің муниципалды органдарында нақты оқушыларды қолдауға арналған нақты мектептерге

бағытталған мамандар (психологтар, логопедтер, арнайы педагогтар және т.б.) бар.

Жалпы білім беретін мектептерде ДАҚ бар жеке оқушылар сияқты осындай балалар тобы да оқиды. Сонымен, инклюзивті білім беруде «сараланған тәсіл» деп аталатын оқыту тәсілі жүзеге асырылады. ДАҚ бар балалармен оқу аптасы көлемінде сабақтың қосымша түрлері (сыныптық, ұжымнан тыс) жүргізіледі. Осындай топтарға олардың мектептік қиыншылықтары ескеріле отырып, бір параллелдегі әр сынып балалары бірігуі мүмкін. Мектептерде нақты баланы инклюзивті оқытуды жүзеге асыру мәселелерін талқылайтын педагогикалық консилиумдар құрылады. Мектеп педагогтері енді ғана қалыптасып келе жатқан жұмыстың осындай жүйесіне белсенді атсалысады.

Қазіргі уақытта Данияның білім беру жүйесіндегі бірінші жоспарға муниципалды және мектептік деңгейде инклюзивті оқытуды жүзеге асыру механизмдерін әзірлеу проблемасы кіреді.

Сонымен, әр түрлі елдердің инклюзивті тәжірибені іске асыру аспектісінде білім беру жүйесін талдау, инклюзивті білім беруді іске асыру үшін міндетті база – қажетті құқықтар мен бостандықтардың декларациясы сияқты, оларды қамтамасыз ету механизмдерін де қарастыратын заңнамалық актілер жүйесі болып табылатынын көрсетеді. Сондықтан, ұлттық білім беру жүйелерінде кадрлар даярлау жүйесін енгізетін инклюзивті білім беруді жүзеге асырудың нақты тұжырымдамасы мен стратегиясы болуы қажет. Муниципалды деңгейде инклюзивті тәжірибелерді тиімді ғылыми-әдістемелік қолдау қамтамасыз етілуі тиіс.

Латын Америкасы мемлекетінде инклюзивті білім беру идеясын жүзеге асыру ерекше қызығушылықты танытады.

*Боливияда* «инклюзивті білім беру» түсінігінің бірнеше тәсілдері бар. Бұл – арнайы білім беру, ересектерге білім беру, баламалы білім беру және т.б. Бұрыннан-ақ Боливияда инклюзивті білім беру ерекше мұқтаж балаларға арналған арнайы білім беру ретінде қарастырылған. Қазіргі уақытта Боливияда инклюзивті білім беру бойынша ең алдымен әлеуметтік инклюзия түсіндіріледі.

Мұнда «әлеуметтік шеттету» мәселесі өте өзекті, сондықтан, Боливияда инклюзивті білім беру ерекше әлеуметтік аз қамтылған топтарға көңіл бөлу жолымен әлеуметтік оқшаулауға қарсы әрекет құралы болды. Мемлекет кедейлік, әлеуметтік, экономикалық және мәдени оқшаулау мәселесін шешу жолымен неғұрлым әділетті қоғам құруға, ел азаматтарының құқығын біршама толық жүзеге асыруға әсер ету үшін үлесін қосуға ұмтылады.

*Бразилияда* да инклюзивті білім беру түсінігінің әр түрлі тәсілдері бар. Солардың бірі – бұл жалпы білім беру жүйесінде арнайы қажеттілігі бар тұлғалармен білім беруді кіріктіру. Екінші тәсіл барлық балаларды тегін және міндетті білім беру құқығымен қамтамасыз ету болды. Бразилияда инклюзивті білім беру білім беру жүйесіндегі өзгерісті, білім берудегі (студенттер, мұғалімдер, қоғам) барлық мүдделі тараптардың қатысуын күшейтетін механизмдерді құруды талап етеді. Инклюзивті білім беру ашық қоғам тұжырымдамасымен байланысты.



Бразилияда инклюзивті білім беру саласын Балалар мен жасөспірімдер туралы Ереже «Statute of the Child and Adolescent», арнайы қажеттілігі бар тұлғаларды социумға кіріктіруді реттейтін № 7853/89 Заң сияқты заңнамалық актілер реттейді. Сонымен қатар, 2007 жылы Білім беруді дамыту жоспары (Plano de Desenvolvimento da Educação, PDE). шықты.

*Перуде* инклюзивті білім беру – оқу мен теңқұқықты даму үшін тиісті материалдық жағдай жасаумен қоса, негізінен мүмкіндіктерге тең қол жетімділікпен түсіндіріледі. Инклюзивті білім беру әлеуметтік аз қамтылған топтарды жалпы білім беру жүйесіне қосу ретінде қарастырылады. Осындай топқа ауылдық, шалғай аудандарда тұратын халық, түрлі қабілеттегі және сипаттағы балалар, мүгедектер, халықтың кедей топтары жатады. Инклюзивті білім беру әр адамның білім беру және әлеуметтік процеске өз үлесін қосуды талап етеді. Сонымен Перуде инклюзивті білім берудің мақсаты оның мінездемесіне сәйкес әр бала үшін білім беруге қол жетімділікті қамтамасыз ету болып табылады. Перуде инклюзивті білім беру тұжырымдамасы арнайы білім берумен және мүгедек-балаларды әдеттегі мектептерге кіріктіру процесімен тығыз байланысты [29].

Инклюзивті білім беру саласындағы саясат белсенді жүргізілетін елдерді, яғни Азия-Тынық мұхиты аймағын жалпы қарастырамыз. Инклюзивті білім беру саласындағы басым бағыт, ең алдымен сол аймақтың ерекшеліктерімен анықталады. Осы аймақта олар тұратын елде тілдері ресми ана тілі болып табылмайтын этникалық тілдік топтар тұратыны белгілі. Тіл кейде осында сапалы білім алудың негізгі тосқауылына айналды. Азия-Тынық мұхиты аймағы мемлекеттеріндегі инклюзивті білім беру мәселелері бойынша ЮНЕСКО баяндамасын дайындауда инклюзивті білім беру саласындағы келесі стратегиялар анықталды:

- ана тілімен қатар, ресми, ұлттық және/немесе халықаралық тілдерді енгізу үшін жағдай жасалуы қажет;
- басқа балалар, мұғалімдер және ата-аналар тарапынан кемсітушіліктен құтылу үшін, мектепте еріксіз көші-қон мәселесі бойынша ақпараттандыру және ағарту жөнінде тиісті жұмыс жүргізілуі керек;
- балалардың заңсыз жағдайы олардың білім беру құқығына әсер етпеуі қажет;
- жылдың басында ана тілінде оқыту тәжірибесін жүргізу қажет;
- соғыстан, азаматтық толқулардан және табиғи апаттардан зардап шеккен балалар үшін сапалы білімге қол жетімділікті қамтамасыз ету қажет;
- мәдениетаралық және дінаралық диалогта білім беру жүйесі құрылуы қажет [30].

Африка елдері қатарында инклюзивті білім беру саласындағы саясатты белсенді жүргізетін Оңтүстік Африка Республикасы (ОАР). ОАР Білім беру департаментімен 2001 жылғы шілдеде барлық азаматтар үшін тең мүмкіндікті қамтамасыз етуге бағытталған жаңа білім беру жүйесі әрекеттеріне белгілі бір нұсқау беретін «White Paper 6» атауымен құжат дайындалды. Білім беру саласындағы ОАР саясаты барлық оқушылардың оқу процесіне белсенді қатысуына мүмкіндік беретін, өз әлеуетін дамытатын және кеңейтетін,

қоғамның теңқұқықты мүшесі ретінде қатысатын баршаға білім беруді қамтамасыз етуге және инклюзивті білім беруді дамытуға бағытталған. Бүгінгі күні ОАР үкіметі оқушылардың құқығын қорғауды, бәріне білім берудің тең мүмкіндігін ұсынуды, білім берудегі теңсіздікті жоюды алдыңғы орынға қойып отыр[31].

Жапония мектептерінде бүгінгі күнге дейін белсенді және дені сау бала тәрбиесі білім берудің басты мақсаттарының бірі. Жапонияда арнайы қажеттілігі бар балалар жалпы сыныппен бірге оқиды. Бәрақ мұғаліммен бірге қосымша ассисент-мұғалім де жұмыс істейді. Ассистент-мұғалім сабақ бойынша барлық жағынан арнайы қажеттілігі бар балаларға көмектеседі.

Арнайы қажеттілігі бар жапондық балалар мектепте барлық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген. Егер оқушы қандай да бір себеппен сабақтан қалса, бұл сабақтар оған жеке жүргізіледі.

Мысалы, егер оқушы дене бітіміндегі шектеулермен дене шынықтыру сабағына қатыса алмаса, онда онымен қол жетімді мүмкіншіліктері мен қабілеттері бойынша басқа мұғалім айналысады. Осындай мектептерде арнайы қажеттілігі бар балаларға толерантты қарым-қатнасты тәрбиелейді. [28].

*Оңтүстік Кореяда* арнайы қажеттілігі бар адамдарға арнайы білім беру және ереже ерекше көңіл бөлінетін нысан болып табылады. Осы тақырып әр түрлі аспектіде– тарихи, әлеуметтік, педагогикалық, мәдениеттанулық және т.б. қарастырылатынын атап көрсетуге болады.

1970-жылдан арнайы білім беру екпіндеп дамуда: егер 1971 жылы 1 ғана арнайы сынып болса, 2004 жылы олардың саны 4366 ға жетті және бүгінгі күні шамамен арнайы қажеттілігі бар 60 мың бала әдеттегі және арнайы мектептерде оқиды .

